

ПИОНЕР

СЫЗГАТЭЛЭМЭНЭН СЫЗГАТЭЛЭМЭНЭН



Октябрь

1947 жыл

№ 10

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ



Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

ОКТАБРЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл



ССРОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ

Сөзі С. МИХАЛКОВ пен Эль-РЕГИСТАНДІКІ

Ерікті елдердің мәңгілік одағын
Орыстың Улы Елі кұраған.
Жасасын алып ел-Советтер Одағы,
Елдердің өзінің еркімен кұралған!

Даңқы зор, ерікті Улы Отан, халықтар
Достығының сенімді қорғаны!
Советтік қызыл ту, халықтық біздің ту
Бастай берсін жеңістен жеңіске!

Түнерген бұлытты түрді де шықты күн,
Улы Ленин бостандық жолына төкті нұр.
Бізді өсірді Сталин досы етіп халықтың,
Баулып бастаған еңбек пен ерлікке.

Даңқы зор, ерікті Улы Отан, халықтар
Бақытының сенімді қорғаны!
Советтік қызыл ту, халықтық біздің ту
Бастай берсін жеңістен жеңіске!

Біз Армия майданда өсіріп, шындадық,
Басқыншы сұм жауды таптап табанда!
Урпақтар тағдырын шешеміз майданда,
Отанды бастаймыз аброй-атаққа!

Даңқы зор, ерікті Улы Отан, халықтар
Атағының сенімді қорғаны!
Советтік қызыл ту, халықтық біздің ту
Бастай берсін жеңістен жеңіске!





ТУҒАН ЕЛ

Сөзі СӘРСЕНБАЕВТІКІ

Музыкасы Л. ХАМИДИДІКІ

Moderato



СУ - ЙІК - ТІ

ТУ - ҒАН ЕЛ.



ША - ЛЫҚ - ТАП

Ө - СЕ БЕР.

АР - ДАҚ - ТЫ



А-Т(А)А-НА КІРЖҮ-ЫП, КІН-ДІ-ГІН КІН-ДІ - ГІН КЕС-КЕН



ЖЕР.

ГҮЛ-ДЕ-НІП, КӨР-КЕ-ЙІП, Ө - СЕ



БЕР,



Ө - СЕ

БЕР!


Сүйікті туған ел,
Шалықтап өсе бер.
Ардақты ата-ата
Кір жуып кіндігін.
Кіндігін кескен жер,
Гүлденіп, көркейіп,
Өсе бер, өсе бер.

Сүйікті туған ел,
Көк майса, көркем бел,
Көңілді көтер,
Қойныңнан жұпардай
Аңқылдап скен жел,
Гүлденіп, көркейіп,
Өсе бер, өсе бер!

Сүйікті туған ел,
Бауырында алтын көл,
Жиһанда сендей бір
Мақтауға тұрарлық,
Сүйкімді бар ма жер?!
Гүлденіп, көркейіп,
Өсе бер, өсе бер!



ОТАН ТУРАЛЫ



Ресей өзі
өсірер, әлі-ақ
тауып!

О сіздер, болашақта жарыл
қанш.
Жарық күнді көрерсіз мейір
қанш.
Ғылымның шығарсыздар шық
дарына,
Тау жарған талабынды элем
танып
Теңіздей терең ақыл Платон
дарды,
Ушқыр ой, өрен жүйрік Нев
тондарды
Ресей өзі өсірер, әлі-ақ тауып!
М. В. Ломоносов.



Алтын бесік


Балдырған балалық шақ өткен
жерім,
Ардақты тәрбиешім болған
менің,
Хасиятті анамсың қушағың кең
Мен үшін болмас саған дүние
тең,
Отаным сүймес сені қандай
жүрек
Кім тілемес сені ойлап игі
тілек,
В. А. Жуковский,



Жан сүйсінер
қарасақ
төңірекке

Жан сүйсінер қарасақ төңірек
ке
Ойын еркін, шарықтап өрлеп
көкке,
Шаттық билеп тәтті жыр ақ
тарылар
Отан десе қан қайнап жас
жүректе,
И. С. Никитин,

ОТАНЫМ ИЕТКЕН ТАМАША!



Балалар, Отанымның қартасына қараңдаршы! Ұлан байтақ, байлығы мол, қазынасы сарқылмас ел гоі біздің Отанымыз. Біздің еліміз дүниедегі ең үлкен ел болып саналады. Біздің еліміздей ұлан байтақ жері бар, бақытты халқы бар ел бұрын дүниеде болып көрген емес.

Сол үлкен елдің жас ұрпағы, келешегі, бәйшешек атқан гүлі — сендерсіңдер, жас достар!

Туған еліміздің қартасына қараңдаршы, тағы да қараңдар! Тамаша гоі туған аба — бақытты Отанымыз.


Тұн ұйқысын төрт бөліп әлпештеген ананың мейрімді жүзін кім естен шығарады... Туған жерін кім сүймейді!... Кір жуып, кіндік кескен, балаусадай балалық шағын өткізген ата қонысын қайда жүрсен де көз алдыңа жайнайды. Біздің байтақ Отанның қай қыбырына барсаң да, өз ата қонысың, өз үйің. Сондықтан да біз өзіміз туып өскен жерді ғана емес, туған еліміздің барлық жерін де сүйеміз. Совет адамына Ұлы Отанымыздың қай шеті болса да жат емес.

— Владивосток шалғай-ау, бірақ бұл біздің қала гоі. — деген болатын Владимир Ильич Ленин, Отанымыздың кең байтақ екенін айта келіп:

Отанымыздың қыбыр шығысында көш болғанда, батыс шекарасында күн көзі жаңа ғана көтеріліп келе жатады. Аралықтары он мың километр Тынықмұхит пен Балтық теңізі — бірі еліміздің шығыс шекарасы болса, бірі батыс шекарасы, аралықтары бес мың километр Челюскин мүйісі мен Түркменстанның Күшқа қаласы — бірі еліміздің солтүстік шекарасы болса, бірі оңтүстік шекарамыз болып табылады. Совет халқы 22 миллион шаршы километр жерді мекен етеді. Бұл дүние жүзіндегі барлық кұрғақ жердің алтыдан бір бөлігі.


Біздің еліміз халқының көпшіі жағынан да дүние жүзіндегі ірі елдердің бірі. Оның еңбектегі күш-қуатының шегі жоқ!

Біздің еліміз бақ дәулеті шалқыған бай ел. Не керектің бәрi де



Қалыңа қайтадан келтірілген Днепр Су электр станциясы

462303



Кремль. Москва өзені жағынан қарағанда.

оның өзінен табылады. Халық игілігіне арналған сарқылмас байлығымыз—алтын астығымыз, көміріміз, мұнаймыз бүкіл дүние жүзіне әйгілі. Мұндай мол дәулетіміз талай жат жерліктерді қызықтырды да. Олар сан рет тұтқындан шабуыл жасап, басың алып, жерімізді немеленіп, халқымызды құлдыққа салмақшы да болды. Бірақ, тегеуіріні күшті, іргесі берік біздің ел қандай басқыншылар болмасын туған жеріне қыя бастырмады. Отаны үшін, кейінгі ұрпақтарының бақыты үшін ата-бабаларымыз талай-талай ерлік жорықтарға аттанды. Оны өздерің де жақсы білесіңдер, балалар. Халқымыздың азаттық, тәуелсіздік үшін болған ерлік жорықтарының кейбіреуін еске түсірейікші.

XIV-XV ғасырлардың бас кезі. Монгол-татар шапқыншылары байтақ Ресейге баса көкпен кірмең болды. Батыр ұлы Князь Дмитрий Донскойдың басқаруымен орыс халқы отаны үшін, туған жері үшін күресте ұйымшылдықтың, ерліктің, батырлықтың асқан үлгісін көрсетті. Монгол-татар шапқыншыларын талқандап, хасбетті орыс топырағынан қуып шықты.

XVII ғасырдың бас кезінде Ресейге батыстан поляк папдары мен швед басқыншылары қауын төңгізді. Бірақ, ұлы орыс халқының патриот батыр ұлдары Кузьма Минин, Дмитрий Пожарский бүкіл халықты жауға қарсы күресте жасақтандырып аттандырды. Халық жасағы отан жауының күл-талқанын шығарды.

1812 жылы болған отан соғысында да орыс халқының, орыс қаруының, орыс солдаттарының М. И. Кутузов сияқты көменгер қолбасшыларының даңқы бүкіл әлемге жайылды. Барлық Еуропа елдерін аузына қаратқан Наполеон біздің елімізге келіп, ауыр жеңіліске ұнсырады.

Елімізде Совет үкіметі орнағаннан кейін де Советтік Отанымызға шет ел басқыншыларының көз алартуы аз болған жоқ. Азамат соғысының ауыр жылдарында жас совет республикасына шетел капиталистері түс-түстан шабуыл жасады. Бірақ, көп ұлтты совет халқы большевиктік партияның, көменгер Лениннің, Сталиннің басшылығымен жас Отанын жаудан аман сақтап қалды.

Советтер Одағының 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысында да

ОТАН ТУРАЛЫ



Отанымды
сүйемін

Сүйемін мен отанымды,
Ғажайып бір махаббатпен,
Одан артық хасиет жоқ,
Оны ешқашан аттап өтпен.
М. Ю. Лермонтов.



Еуропа бізден
үйренер

Әлі ондаған жылдардан соң,
Еуропа бізге мәй мен арқан
сатып алу үшін келмейді, ол
кезде Еуропадан іздесең таба
алмайтын данышпандық пен
мәдениетті Ресейден үйрену
үшін келеді.

Н. В. Гоголь,



Отанды сүйе
адамгершілік
шыны

Өз отанын жаныммен сүйе —
адамшылықтың асқар шыны.
В. Г. Белинский,



Біз дарынды
халықпыз

Ресей империясына қарайтын
бұратана жұрттардың ішіндегі
сан жағынан болсын, байлық
жағынан болсын, бірінші орын
ды алатын халық, тіпті бола-
шақта өсетін қасиеті бар ха-
лық—біздерміз, біздің қазақ
халқы.

Ш. Ш. Уәлиханов,



**Мен — орыс
адамымын**

Мен орыс адамымын, мен өзімнің барлық білімім мен еңбегімді және тапқан табысымды тек өз Отаныма арнауға тиіспін.

А. С. Попов.



**Отанға қызмет
етейік**

Не істеп, не қойсам да, күш-қуатымның жеткенінше, өзімнің Отаныма қызмет еттім дей деген ойда боламын.

И. П. Павлов



**Менің
Отаным —
Совет елі**

Біз өзіміздің даңқты Отанымыздың игілігіне қызмет істеуге тиіспіз. Жас достар, Сіздер, мына шал мен сияқты, Отанды мақтанып етіндер!

Мен өзімнің көбін қараңғы патша заманында, қытымыа ауыр тұрмыста жұмыс істеумен өткіздім.

Тек совет үкметі ғана маған шын адамшылық қамқорлық жасады. Менің жаңа Отаным жұмыс істеуіме, өмір сүруіме толық жағдай жасады.

К. А. Цволковский.

совет халқы мен Совет Армиясы өшпес даңққа бөленді, бүкіл жер жүзін өзіне бағындыруды нест өткен неміс-фашист басқыншыларды жер жастандырды.

Совет халқы досына пейлі көң, жауына қайырымсыз қатал халық. Біздің халқымызды досымыз да, дұшпанымыз да қаһарман халық деп аңыз етеседі. Міне, біз Отанымыздың батырлық дәстүрін жоғары ұстайтынымыз да сондықтан.

* * *

Советтер Одағының жері сонша нұмақты болғандықтан, оған транспорт қатынас жолдарының қажеттігі де сонша зор. Алысты жақын ететін, байтақ Отанымыздың орталығын алыстағы аймақтармен байланыстыратын, халық шаруашылығымыздың әр тарауын бірімен бірін ұштастырып отыратын ірі қатынас жолдарымыз бар.

Ой алты одақтың орталығы — даңқты Москвадан жан-жаққа таратқан айқұш-ұйқыш жолдар жүректен ұлы денеге қан тарататын күре тамыр сияқты. Еліміздегі теміржолдардың ұзындығы жер шарын үш рет орап тасуға жетеді. Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуымызда еліміздің қатынас жолдары шешуші қызмет атқарды.

Қазіргі күшті паравоздарға негіз болған бұл машинасының отаны да — біздің ел. Бірінші бұл машинасын Иван Ползунов деген орыс адамы ойлап шығарған.

Бұрын халық тек қыялмен шолған «ұшатын кілем», «самұрық күс» қазір көктегі бөлігіміз болды. Тұңғыш аэроплан да біздің елімізде жасалынды. Оны 1882 жылы А. Ф. Можайский деген адам жасаған болатын. Совет ғалымдары самолеттің неше алуан тамаша түрлерін ойлап тапты.

Орыс авиациясының атасы Жуковский мен Чаплыгин қалдырған үлгімен совет авиациясы орасан тамаша өсті. Еліміздің тамаша конструкторлары Яковлев, Лавочкин, Ильюшин, Туполев тарты басқалары Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болып отыр.

Еліміздің адамдары өз отанының, өз еңбегінің қожасы. Олар социалистік Отанының нығыз беруі, халқының өмірі шат, әлді-ауқатты, мәдениетті болуы үшін еңбектенеді. Елімізде еңбек адамды даңққа жеткізді, аброй, атақ әперді. Советтің әрбір азаматы миллиондаған халқы үшін қызмет етеді. Еліміздің халықтары ішінде 160 ұлт бар. Осыларды бір семья етіп отырған күшті Одақ — жер жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекет, ең күшті, беделді ел-біздің Отан.

Отанымыздың талай тамаша адамдары жер шарына даңқын жайған. Олар неше түрлі тамаша ғылыми жаңалықтар тауып, халқының ке-



Армения ССР астанасы Ереван қаласы. Алыста жарайған Арарат тауы.



Қазақ ССР Ғылым Академиясының үйі

рейін үстем еткен. Советтер еліндегі халықтардың арасы — ұлы орыс халқынан бар әлемге белгілі талай асқан ғалымдар шықты.

Орыс мәдениеті мен ғылымының атасы М. В. Ломоносов, жер жүзінде теңдесі жоқ асқан химик Д. И. Менделеев, электр жарығын алғаш ойлап тапқан П. Н. Яблочков, ұлы математик Н. И. Лобачевский, радионы тұңғыш ойлап тапқан А. С. Попов, физиология ғылымының атасы И. П. Павлов тағы басқаларын бүкіл совет халқы мақтаныш етеді.

Дүние жүзі еңбекшілерінің бақытына біздің елімізде Ленин мен Сталин туды. Біздің еліміз орыс және дүние жүзі мәдениетінің ең шын-ленинизмнің отаны.

Советтер Одағындағы басқа туысқан халықтар сияқты, біздің қазақ халқы да ұлы орыс халқының данқына-данқ, атарына-атақ қосты. Ол өз ортасынан «ғылымның шымыстағы шолпаны» Шоқан Уәлихановты, ланышпан ақын Абай Құнанбаевты, ұлы ағартушы-педагог Ыбрай Алтынсаринді, заманымыздың поэзия алыбы Жамбылды туғызды.

Ғылымның, мәдениеттің, батырлықтың, патриоттықтың үлгісі болған осындай ұлы адамдарды туғызған ардақты Отанды да жанымыздай сүйеміз.

Балалар, біз совет құрылысында коммунизм ісі үшін күреске саналы қатысып, келешегімізге негіз қалаудамыз. Ленин — Сталин партиясының басшылығымен ұлы істі алға алып барушылар қатарындамыз. Біз елімізде коммунизм орнайтындығына шексіз сенеміз.


Туған елдің асқар таулары мен шалқар таримдары да, байтақ дала-лары мен ну ормандары да, сәулетті қалалары мен колхозды, совхозды ауылдары да көзімізге айырықша ыстық көрінеді.

Алып ақын Жамбыл атамыз Отанын ыстық махаббатпен сүйді. Ол жүз жасады, туған елін жанындай жақсы көрді.

Алып ақынның өмірі де, сөзі де бізді Советтік Отанымызды, қаһарман халқымызды, әкеміз, ұстазымыз ұлы Сталинді шексіз сүйуге, олар үшін адал қызмет етуге шақырады.

— Біз Ленин—Сталин ісі үшін күреске әрқашанда дайынбыз!

ОТАН ТУРАЛЫ



**Мәдениет
шыңы**

Біздерідей жоғары сатыға
қойылған білім Европа елдерін-
де әлі жоқ.
А. М. Горький.



**Отанымды
жырлаймын**

Мен де,
Еңбек пен айқаста туып өскен,
Адамзат
Әлемінде бейне көктем секілді
Республикамды,
Отанымды
Жырлаймын мақтан етіп бар
дауыспен!
В. В. Маяковский.



**Халық
үшін
жасаймын**

Күш құйған жүрегіне, жігер
берген
Ардақтап, артық сүйед халқын
Жамбыл,
Бір минут оны ойынан шығара
ма
Жасаса тағы жүз жыл жасын
Жамбыл.
Жамбыл



**Отан
үшін**

Отанын үшін отқа түс, күй-
мейсін!
Опасызда Отан жоқ,
Б. Момышұлы.



МЕКТЕП

Тұр әсем үй жас баланың
Көңіліндей болып ашақ,
Қандай сыйлы адам үшін
Салды екен мұны баптап?

Көзді тартып сұлу көркі,
Келдік біздер соған беттеп,
Алдында алтын әшекейлі
Жазуы бар деген: «Мектеп».

Мектеп! ¹

Мектеп!

Кете алам ба

Бір қарамай есігіңнен?!

Армай-талмай аялаған

Өскең ортам, бесігім ең!

Сен ұстаттың тұңғыш рет

Шортан тұмсық сүйір қалам.

— Сыз өзіңе өмір жолын, —

Дедің, — үйрен, оқы, балам!

Талпындым мен қолым созып,

Дір-дір етіп жас қаламым —

Апыл-тапыл жаңа жүрген

Аяғыңдай жас баланың.

Әлі есімде, алғаш кезде

Жолдастарды жатырқағам.

Достасуды, дос тануды

Үвреткен де сенсін маған.

Мектеп бізді ержеткізген.

Тәрбиелеп, білім беріп,

Сен мың ұл, қыз мектептен сол

Адам болып өсті өріп,

Сол үшін мен шын жүректен.

Айтам алғыс мектебіме.

Ой-санама өріс болып,

Таудай еңбек еткеніңе.

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ

ОТАНҒА СҮЙІСПЕНШІЛДІК ТУРАЛЫ М. И. КАЛИНИННИҢ ЖАСТАРҒА КЕҢЕСІ



«Социалистік Отан, бұл не текен
ұлы сөз! Социалистік Отанға, сөз
жүзінде емес, іс жүзінде қызмет
етуден артық қасиетті, одан ар-
тық езгі, одан артық зор міндет
жоқ».

М. И. КАЛИНИН

Михаил Иванович Калинин жыйырма бес жылдан артық совет мемлекетінің жоғарғы өкмет орнының басшысы болып істеді, өте жауапты ұлы міндеттерді атқарды. Осымен қабат, оның совет жастарына қамқорлығы да таңқаларлық.

Жастарымызға және мектеп оқушыларына арнаған терең мағналы, әнегелі сөздерінде М. И. Калинин шын жүрегімен совет балаларын сүйіп, коммунизм құру ісіне дайындалудың нақты жолдарын көрсетеді.

БІЗ ОТАНЫМЫЗДЫ НЕ ҮШІН СҮЙЕМІЗ?

М. И. Калинин адамның жастық шағын сыйпаттап, жүрек сөзімдерінің өте-мөте нәзіктігін, ақыл-хиялдың өткірлігін, жігер-қайраттың дария тасқынындай алып істерге ұмтылдыратынын айтады. «Мұндай бай, жүйрік хиял 18 жасыма дейін менен де арылған жоқ еді», дейді. Михаил Ивановичтің сондағы хиялы-бүкіл жер жүзін жалыу кезіп шығу, ұшан теңіздерде жүзу, кеменің капитаны болу, дүниенің жаңа бөліктерін ашу еді. Сондағы арманы-ғылым майданында, тағы басқа майдандарда жан-қиярлық игілікті істермен үздік көзге түсу болатын.

Таршылық, қысымшылық заман—патшалық дәуір өтті. 1917 жылғы Октябрь күндерінен бастап совет жастарының барлық қабілет, дарындарының шарықтап өсуіне керекті жағдай туды.

«Біздегі жас бала мектептен үркіп қашпайды; сегіз жасар октябренек өз үйіне аяқ басып кіргендей, масайрап, шаттанып мектеп босағасын аттап, оқу оқыйды. Білімге аңсаған жастарымыз бастауыш мектептен орта мектепке, одан жоғарғы мектепке өтеді. Жұмысшы жастар ең алдыңғы қатар машиналарды меңгеріп қызмет атқарады. Колхоз жастарының тіпті алдыңғы қатар капиталистік елдерде де болып көрмеген жаңалықтарға қолы жетеді. Қабілетті жастарымыздың қалай өсуіне де енді жол ашық. Коммунист партиясы халқымыздың барлық күш-қуатын, зерде-қабілетін барынша дамыту негізінде социалистік мемлекет құруда».

ССРО халықтарының творчестволық ісі — бүкіл еңбекші халықтарды бақытты өмірге жеткізу мақсатына арналған. «Осы мақсат үшін күресуден әрдақты, қызық идеялы не бар?».

Совет адамы ұлтына қарамай, таланты бойынша жоғарылап өсе бермек. «Сіз қазірде Қызыл Армия қатарындағы, барлық ұлттардан шыққан, тамаша дайындығы бар көп офицерлерді білесіз. Бұлар көзір лейтенант, жас полковниктер. Біраз уақыттан кейін генерал, маршал бола алады. Бізде адам жоғарылап өсуі үшін, ұлтына қаралмайды, ақылына, батырлығына қаралады».

СОЦИАЛИСТІК ОТАНЫМЫЗДЫҢ ШЫН ПАТРИОТЫ БОЛУДЫҢ ЕҢ БІР БАСТЫ ШАРТЫ — ЖАҚСЫ ОҚУ

М. И. Калининнің комсомол жастарға және мектеп оқушыларына арнап айтқан сөздерінің бір сарыны: өнері жұрттан асқан, ғылымға көңілі зеректі, боямасыз ақкөңіл жастарымыздың жақсы оқып, әр жақты болып жетілуі болып табылады. Михаил Иванович совет халқының, социалистік Отанымыздың мүддесі үшін жасап, осы жолда таңқыр хиялды, ұшқыр ойлы, адал ниетті қайраткер болу үшін «оқу программаларының ішінен әсересе үш пәнді жете біліп алу керек», — дейді.

Өнер алды — қызыл тіл. Өз ойың, жүрек сезімдерің сөз тауып, оны дұрыс қыйыстырып айтып бере алмаушылық — адамның соры. Тіл — ойдың сәулесі, суреті. Оқып білім алу үшін, ақыл ойымызды өсіру үшін сөзге шеберлік өте қажет. «Бұл талап сіздердің шығармаларыңызға, математикалық есептеріңізге, сызу, сурет сабақтарыңыздағы жаттығуларға бірдей қойылатын талап. Мысалы сіз шығарма жазғанда жақсы бір оқушылардың «көмегімен» яки дайын үлгіге қарап жазуыңыз өте ұнамсыз жұмыс. Бұйтып ешқашан үйрене алмайсыз. Ойдағыдай жақсы болып шықпасын-ақ, бірақ өзін жазғаның артық. Мейлі мың рет қайта түзет... өзін жаз...»

М. И. Калинин бүкіл совет халықтарының атасы, қамқоры болды. Ол түрлі ұлттардың тілін, әдебиетін, өткен тарихындағы ерлік істерін өте жоғары бағалады.

«Ана тілі адамның жүрегін қозғайды, ойдың ең нәзік сазын білдіреді. Сондықтан әрбір адам, осылардың ішінде орыстар да, өз ұлтын мақтанып етеді, ардақтайды, олай болмауы мүмкін емес: ол өз халқының ұлы. Біздің адамдарымыздың советтік патриотизмін, ұлттық сезімін өсіріп, әрбір жауынгерге өз халқының ерлік дастандарын, тамаша эпос жырларын, әдебиетін... қалың бұқаралы азат ету жолындағы күресшілерін таныту керек...»

«ССРО халықтары орыс халқың өзінің бір туған атасындай көреді. Орыс тілі — Ленин тілі. Көсеміміз Сталин совет халқына, Қызыл Армияға сөзін орыс тілінде айтады...»

Оқушы жастарға ең керекті ғылымның тағы бір саласы — математика болады, дейді Калинин жолдас. «Математика — адамның ойып туралап белгілі арнауға салады. Математика — ақыл ойдың гимнастикасы деп бекер айтылмаған».

«Ғылымның барлық түрі, жоғарғы мектептегі барлық оқу, қызметтің әрбір саласы математика ғылымына негізделеді. Сіздер теңізде жүзуші, ұшқыш, ендірістің маман жұмысшысы болғыларың келсе, алдымен математиканы біліп алуларыңыз керек...» Көз дәрігері физиканы білмейінше, жақсы дәрігер бола алмайды. Сондағы физиканың оптика тарауы бастапқы математика формулаларынан құралған.

Жастарға өте керекті ғылымның үшіншісі деп М. И. Калинин физкультураны алады.

«Егер мектеп бітірген жастар, нерв жүйесі қаусаған, ас қазаны ауру адам болса, онда олардың әр жылы курортқа барып емделуінен не қасиет туады... Жас ұрпақтарымыздың денсаушылығы күшті... Суворов сықылды шыныққан денелі, оңтайлы болулары керек».

Советтер Одағы — еліміздің барлық халықтардың шын Отаны, өйткені ол мейірілі анадай барлық еңбекшілердің даңқын өсіреді, жас ұрпақтарымызға бұрын-соңды болып көрмеген бақытты өмір, оқу-тәрбие береді.

«Қазіргі уақыттағы ең прогрессивтік міндет — социализмді нығайту және коммунизм құру ісі болады. Сол себепті менің тілейтінім: жастарымыз осы таудай міндетті жақсы ұғынып, осы міндетті өзінің өмірлік арманы деп білсін, тек осымен ғана сіздің өміріңіздің мазмұны терең идеялы бола алақ».



ЖАС ЖОЛДАС

Тұңғыш рет көрдің мектеп,
Жаңа оқыған жас жолдасым,
Асығасын жазуға сен
Әріптердің қосып басын.

Талпына бер, талапты бол!
Осы ғой дәл оқыр көзің.
«Оқы, оқы, оқы!» деген
Есіңде тұт Ленин сөзің!

Күндей жарық келешегің
Еркесің ерікті елдің.
Кім боламын десеңдағы
Есігі ашық бар өнердің.

Өздеріңді қожа еткен
Бақытты, шат өмірге осы,
Партиямыз, ұлы Сталин —
Балалардың жақын досы.

Көп ғасырлар адамдарға
Арман болған біздің заман,
Құлпырады жаз гүліндей
Күннен күнге Отан — анаң.

Отан бізді әлпештейді,
Ол — қадірлі халық анасы.
Содан туып өсті түлеп,
Еліміздің кәрі-жасы.

Өскенінде оған адал
Қызмет ет, арма-талма!
Жан-тәніңді, күш-жігерді,
Біліміңді соған арна!

Құтты болсын алғашқы адым,
Узақ болсын өмір жасың,
Әліппенің алғашқы әрпің
Жаңа жазған жас жолдасым!

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ.

МҮНІГІ ҚОШАҚ

(Павлик Морозов туралы повестен үзінді)

В. ГУБАРЕВ

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

Павел естіге басып жүтіріп үйге кірді. Шешесі шәліге оранып, терезеден қараңғы түнге қарап тұр еді. Есік ашылғанын сезіп, ол баласына қарап жеңіл күрсінді де:

— Немене, сені үйге қолға шыбық алып қуып әкелу керек пе?

— Апаттай, біз бір жолаушымен сөйлесіп қалдық.

— Сөйлесіп қалдық. Мына жауынды көрдің бе? Атаңдікіне барайық.

— Неменеге?

— Әкең бар деді.

Павел үнсіз тұрып қалды.

— Інілерім қайда?

— Олар атаңдікіне кеткелі мөп болды. Тез барайық, өйтпесе әкең келеді де, ашуланады.

Павел тәпжылмастан тұрып тек қасын ғана қыймылдатты. Оның қыйылған қалың қара қасының астында кішкене мені бар еді. Қасын қозғалтқанда, мені қоса қыймылдайтын.

— Ал, жүрейік, Паша!

Ол кенеттен шешесінің қасына келді де, сыбырлап:

— Апаттай, неліктен біз ылғый осындай ылайсаң күндері атаңдікіне бара береміз? Не себептен? Тағыда әкеме лагерьден ақсақ келер.

Ана баласын күшәқтап, бауырына басып:

— Павликжан, балам, сен әкене тиге, оның жұмысына араласпа. Тындайсың ба, балам? Менің саған жаным ашыды, ол есті сабайды.

Бала шешесінің өңсіз қуаң тартқан түсіне қарады. Ананың көзінен үрейленгендіктің, шаршағандықтың белгісі білінді. Павлик анасының негі қалай кемсенделіп келе жатқанын көрді. Шешесінің қолынан ақырын бұсап шығып, ұзын көйлегін, әкесінің кең қарғасын киді.

— Мен, Яшка Юдовқа барам. Бүгін Тавдыдан газет әкелді, соны оқымыз.

— Жарайды, бар... Мен атаңдікінде боламын.

Олар үйден бірге шықты. Павел сәл кідіріп, шешесі қараңғыға сүңгіп кеткенде, жан-жағына бір қарап алды да, сарайдың ішінде отырып қалды.

Жел өрнеделіні соға бастады. Қатты жауын таяудағы тайғаның ызылдап жоққан дауылын да естіртпейді. Күн жарқ ете қалғанда, желдің екпініне шыдамай иілген ағаш басының жапырақтары да айқын көрінеді. Павел бүрісе түседі. Үй төбесінен аққан суық су оның мойнына құйылып тұр.

Көзі қараңғыға үйренгеннен кейін, оған жан-жағы жақсы көріне бастады.

Ең әуелі төбесіне басып, естімен сазды жерді шалпылдатып әкесі келді. «Мас қой» деп ойлады Павел. Ол басқа біреуді күтіп тұрды, бір аздан соң күткен кісісі ойда жоқ жерден огород жақтан шыға келді. Бала қорыққанынан айқайлап жібере жаздап, өрен тоқтады. Ұзын бойлы танымайтын біреу аяғын сылттып



басып, қарсы тұрған баланың жанынан өтті де, үйге кіріп кетті.

Павел орнынан тұрды. Оның басына түсініксіз, шатасқан үрейлі ойлар келе бастады: не істеуді де білмеймін... Я, не істеу керек?

Ол жүтіріп есік басқышына шықты, сәл тыңдап тұрып, ештеңе есікті ашты. Жел екпіні есікті оның қолынан жұлып алып, қабырғаға соқты. Бөлме іші бос екен. Екінші бөлмеде есіктен соққан жел шамды жалпылдайтып тұр. Әкесі мен ақсақ сол бөлмеде отырған болуы керек.

Енді бір секундте ойлалып тұруға болмайтын еді. Есікпен қатар пеш тұр. Мұның үстіне Павел, Федя екеуі ұйықтайтын. Мүмкін соған жасырынуға болар.

Ол дыбысыз пештің үстіне шықты да, бүрісің жатып қалды.

Есіктен жел гүлеп тұр.

— Ана жақта не бар? — деген бөгде адамның сыбырлаған дауысын естіді. Павликтің әкесі қораға қаралы да, есікті тартып еткізіп жауып, столға кеп отырды.

— Жел...

— Я дауыл күшті-ақ... Бөгде адам бір жетеліп қойды. — Сонымен қалай болды, Трофим Сергеевич?

— Аз бересің. — Павликтің әкесі ұзақ есінеп төсекке барып отырғаны естілді. — Сен мына мені түсің, мүмкін бұл үшін менің басым кетер. Ал сен ақшаны аяйсың.

— Біз ақшаны аяп отырған жоқпыз ғой, Трофим Сергеевич.

— Аяйсыңдар! Менің көзімді бақырайтып темір торап салады... Түсіндің бе? Павликтің әкесі сарт еткізіп портфельдің қилтін ашты да, қағаздарды ақтара бастады. Міне куәліктер. Мұның кейбір жерлерін толтырмай ашық қалдырдым. Фамилияларыңды өздерің жазып алыңдар. Қандай фамилияны болса да жазуға болады.

Жым-жырт. Бөгде адам куәлікті оқып отырған тәрізді.

— Жақсы қағаз екен, Трофим Сергеевич. Павликтің әкесі күліп жіберді:

— Мұндай куәліктермен Москваға да баруыңа болады, тіпті Кремльге де кіруге болады.

Бөгде адам бірден жауап бере қойған жоқ, ал ол сөйлей жөнелгенде оның баяу даусынан қатты ашығандық естілді. Павел селж ете түсті.

— Қайда кетуді білеміз.

Павликтің әкесі төсекте аударыла түсіп, бірдемені таңдана сұрады.

— Онда сен сыяқтылар көп пе?

— Жок, жоқ. — Балаға қонақ ызбарлы күлкімен күлген тәрізді боп көрінді. — Ішімізде совет заңымен тұруға қарсы емесер де бар. Бірақ мен сыяқты жанын жалын жайлап жүргендерге олай тұру қол емес. — деп ол көкрегін соқты. — Сонымен қалай дейсіз, Трофим Сергеевич?

— Мына екеуін ал.

— Тек екеуін ғана ма?

— Қалғандарын кейін берем... Түсіндің бе Ақшаларыңды толық төлегеннен кейін беремін. Міне, іс жағдайы осындай.

— Әзірге сау болыңыз... — Бөгде адам орнынан тұрып, су шекпенін сілкіп жатып — Мен сіздерге ауданнан өкіл келді деп естіп едім, рас па? — деп сұрады.

— Біреу келді. Бірақ, сен одан қорықпа.

— Мені енді қорқыта алмайсыз, қош болыңыз, Трофим Сергеевич.

— Жолыққанша...

Бөгде адам шығып кетті. Павликтің әкесі бірдемелерді айтып үйдің ішінде ерсілі-қарсылы жүрді. Шамды басып етігін шешті. Аздан кейін Павел оның қорылдап ұйқыға кіріскенін естіді.

Бала ештеп қана пештен түсті. Ол әнді қалшылдағанын қойды. Ол бір ыстық жалынның жанында тұрғандай беті дуылдап, денесі қыза бастады. Аяғын үшпеле басып көрші бөлмеге кірді. Әкесі аяғын жоғары көтеріп төсекте жатыр. Оның аузы ашық жатыр. Аузынан шыққан леппенен бірге арақтың сасық иісі аңқыды. Дүрліген еріндерінде шыбын үймелеп жүр.

Павел үйдің ішінен портфельді іздестірді. Портфельдің тозған бұрышы жастық астынан шығып жатқанын көрді.

Демін ішіне тартып төсекке таяды да, портфельді тартты. Әкесі сандырақтан бірдемелерді айтып, қабырғаға қарай аунап түсті.

Бала ештеп дем алып байқап еді, кеудесінде от тұтапып жатқандай боп сезілді. Ол қалтыраған қолымен портфельді қайта тартты. Әкесінің басынан босаған портфель тез сусып кеп баланың қолына ілінді.

Әкесінен көзін алмай тұрып, столға келді де, портфельді ашты, қағаздарды асыға ақтара бастады. Міне, бірнеше ұзын қағаздардың ішінен біреуін суырып алды.

КУӘЛІК

27 июль 1932 жыл.

Берілді осы куәлік азамат өйткені бұл адам, Орал облысы, Тавды ауданы, Герасимовка селосының анық азаматы. Өзінің тілегі бойынша басқа жерге кетпекші. Шыққан тегі кедей.

Жоғарғы көрсетілгендерді қол қойып, мөр басым растаймын.

Селолық совет председателі Т. С. Морозов

Мұны оқығаннан кейін бала көзі шарасынан шығып қағазға қайта қарады. Селк еткенде, портфель қолынан жерге түсіп кетті. Әкесі шошып оянып жүдікті. зәрлі пішінмен баласына қарады.

— Пашка?

Павел шошып кетіп, қағазды қолына ұстап есікке қарай тұра ұмтылды. Трофим едендегі портфельді көріп, зәресі ұшып, жүзі сұрланып кетті.

— Пашка! Пашка! Тоқта!

Бала есікті аяғымен бір теуіп ашты, түн қаранғысына сүңгіп кетті.

— Пашка—а! Әй-балам!

Түн ортасында Василий Потупчик есікті тарсылдатқан біреудің дүбірінен оянды. Ол қолына шам ұстап сыртқа шықты да, ашулы зор дауыспен:

— Бұл қайсын, сендерді сайтан қуыш жүр ме?

— Вася ағатай, үйге кіргізе көріңіз.

— Пашкасың ба?

— Я, мен.

Аңшы терісіне сыймай есікті ашты. Шам жарығында баланы танып, басын шайқап:

— Ә, а сен екенсің ғой, патшағар!

— Дымов қайда?!

— Ұйықтап жатыр, қайда барушы еді ол.

Потупчик Павелді үйге алып кірді. Көрші бөлменің есігінен көйлегін жалма-жан шала киіп Дымов шықты. Көрпеге оранып ұйқылы ояну Мотя өтіп кетті, ол қорыққан пішінде қабырғадағы бұлан мүйізінің астына барып тығылды. (Бұланды бір кезде әкесі атып алған еді). Барлығы да үнсіз, таадана Павелға қарап тұр. Дымов балаға жанасалай келіп:

— Не болып қалды, Паша?

Павел қолын ашып қағазды ұсынды. Ұзын жарықта бұрылып, қағазды көзімен шолып өтті.

— Ал, не болды?

Павел бірдеме айтқысы келіп оқталып еді, бірақ айта алмады. Қабағының астындағы мені де қалтылдап кетті.

— Бұл.. бұл.. қағаздарды.. менің әкем жер аударылып кеткен кулактарға сатады.

Дымов бірнеше секунд көзін жүгіртпін балаға қарады да, өне бойы су болған қалшылдаған баланы күшақтай сүйді. Павел бейтаныс және өге жақын адамның кеп кеудесіне жабысып, өксіп жылап қоя берді.

— Дымов ағай.. Дымов ағай.. — деп естіге сыбырлады, — әкем азғын.

Дымов оның басынан сыйлап, арқасынан қанып байсалды дауыспен: — қой, Паша! Жылама, балам, — деп жұбатсада, өз көзінен де ыстық жас шыққанын сезіп тұр. — Қой деймін, Паша! Сен, Сен нағыз пионерсің!



1) Дымов аудандық партия комитетінің уәкілі.

О К Т Я Б Р Ь Б А Т Ы Р Ы

Ф. Э. Дзержинскийдің туғанына 70 жыл толды



Халық Дзержинскийді «Болат Феликс» деп атап кеткен. Иосиф Виссарионович оны «Октябрь батыры» деп атады. Ал, Дзержинскийдің өзі өзі «революция солдаттымын» деп атаған.

Феликс Эдмундович 1877 жылы туды. Оның туған жері — Виленскі губернасы, Ошьятскі уезіндегі Дзержиново деген қыстақ. Дзержинский әкесінен бес жасында жетім қалды. Оны шешесі тәрбиелеп, аялап өсірді.

Феликс он екі жасында гимназияға оқуға түсті. Ол сабақты өте жақсы оқыды. Дзержинский гимназияда оқып жүрген шағында-ақ революция жұмысына араласа бастады. Ол өзінің саяси білімін көтеруге көп шұғылданды. Ұзамай-ақ ол революция ісіне, халықты азат ету ісіне жан тәнімен ар жолата беріліп, Литва социал-демократ партиясына кірді.

Патша жандарымдары жас революционерге бірден көңіл аударды. Оның сонына түсіп, тұтқынға алып, жер аударыла бастады.

Бірақ, Дзержинский еш қашан жау алдында тізе бүккен жан емес.

Ол өзінің бір хатында:

«Мен күресте не қаза табамын, не жеңіп шығамын», деп жазған болатын.

Дзержинский біздің еліміздің рухани және творчест-

волық күшіне, елімізде коммунизмнің жеңетіндігіне шексіз сенді. Бұдан қырық жылдар шамасы бұрын ол:

«Егерде адам баласы социализм жұлдызынан нұрланбаса, өмір сүріп те керекі болмас еді!» деп жазды.

Дзержинскийді соңғы рет тұтқындалған жерінен, Москвадағы Бутырскі түрмесінен, Февраль революциясы азат етті.

Түрмеден шығысымен, тіпті үстіндегі тұтқын адамның киімін ауыстырмастан, Дзержинский большевиктер партиясының Москвалық комитетіне келеді.

Октябрь күндері Дзержинский Сталин жолдаспен бірге көтеріліске басшылық ететін Революциялық соғыс комитетінің мүшесі болды.

Октябрь революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылы 20 декабрьде, контрреволюцияға қарсы күресу үшін Бүкіл Ресейлік Төтенше Комиссия (ВЧК) құрылды. ВЧКның председателі болып Дзержинский тағайындалды. Бұл орында ол өмірінің ақырына дейін отырды.

Дзержинский халық бақыты үшін еңбек етті, халық жауларына мейірімсіз болды. Ол, әсіресе, балалар үшін көп қам жейтін, ол балаларды жақсы көретін, балалар — большевиктер ісінің мұрагері, деп тапыйтын ол.

«Біз өзіміз үшін күресіп, өзіміз үшін азаптанбаймыз, балалар үшін, ұрпақтардың бақыты үшін... Революция жемісі — біз үшін емес, олар үшін...» деп жазды ол.

Азамат соғысының ауыр жылдарында көптеген балалар туған-туысқансыз, бас панасыз жетім қалды. Сол кезде Дзержинский олардың халын жақсарту үшін құрылған комиссияның председателі болды. Оның басқаруымен балалар колониялары ұйымдастырылды. Та-лай жетім балалар онда тәрбиеленіп, мамандық алып ұлы Отанымыздың ардақты азаматтары болып шықты.

Дзержинский өмір бойы халық үшін жанқиярлықпен қызмет істеді, ол өзі айтқандай-ақ революцияның батыр солдаты болды.

Владимир Маяковский өзінің «Жақсы» деген поэмасында былай деп жазды:

Тұрмысты, тіршілікті

ойлап

терең,

Деген жасқа:

кімдей боп

өмір сүрем,

Айтамын, кідірместен,

ойланбастан:

Өнеге ал Дзержинский,

сен, жолдастан

Еліміздің жас ұрпақтары ұлы ақынның бұл өсиетін естен шығармайды. Октябрь батырының ұлы бейнесі бізге адал өмірді сүруді, халыққа қажырлылықпен қызмет істеуді, Ленин — Сталин ісіне арқашан дайын болуды үйретеді.



1917
ЖЫЛ
ОКТАБРЬ

Ұ Л Ы А Й Қ А С Т Ы Ң А Л Д Ы Н Д А

1917 жылы октябрдің 7інде Владимир Ильич Ленин жасырын түрде Финляндиядан Петроградқа келді. Ол Лесной ауданындағы М. Фофанованың үйіне орналасты. Владимир Ильичқа тек Надежда Константиновна Крупская келіп тұрды. Ленин мен Сталиннің кездесуі және большевиктердің Орталық Комитетінің жыйналыстары басқа жерлерде болды. Орталық Комитеттің нұсқауы бойынша Лениннің тұрған үйіне қызыл гвардияшылардан астыртын күзетшілер қойылды. Мұнда газеттер, тағы басқа хат-хабарлар әкелініп тұрды.

Большевиктер құралды көтеріліске қызу әзірлене бастады.

Ленин өзінің мақалаларында, Орталық Комитетке жазған хаттарында құралды көтерілістің нақтылы жоспарын жасап берді. Әскер бөлімдерін, флотты қызыл гвардияшыларды қалай пайдалану керек екендігі туралы, көтерілістің нәтижелі болуын қамтамасыз ету үшін Петроградта қандай маңызды жерлерді басып алу керек екендігі туралы Владимир Ильич нақтылы нұсқаулар беріп отырды.

1917 жылғы октябрдің 10нда партияның Орталық Комитетінің тарихи мәжілісі болды, бұл мәжілісте ел тағу күндердің ішінде құралды көтеріліс басталсын деген қаулы алынды.

Большевиктік партияның Орталық Комитеті жергілікті орындарда көтеріліс ұйымдастыру үшін Оралға, Гельсингфорсқа, Кронштадқа, Оңтүстік-батыс майданына және басқа жерлерге өкілдер жіберді.

Партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша Петроград советінің жанында Революциялық соғыс комитеті құрылды. Ол көтерілістің ашық штабы болды.

Сталин жолдас басшылық еткен революциялық соғыс комитеті көте-

рілістің барлық шешуші мәселелерін орындауды өз қолына алды.

Революциялық соғыс комитетінің бірінші мәжілісі 20 октябрде өткізілді. Мұнда қаладағы және қаладан тыс жерлердегі бөлімдермен байланысты арттыру жөнінде баяндама болды. Сондай-ақ Петроградты контрреволюциядан қорғаудың жолдары талқыланды.

Комитетке жан-жақтан революцияны қорғап қалу мақсатымен түрлі мәліметтер, хабарлар түсіп жатты. Халық революциялық комитетті жақтады, оған барыша көмек көрсетті.

Керенский уақытша үкіметті Петроградтан Москваға көшіру туралы мәселе көтерді. Петроградта болатын көтерілісті болдырмау үшін, уақытша үкіметтің Петроградты немістерге беруге әзірлегені осыдан ақ белгілі болды. Петроград жұмысшылары мен солдаттары бұған наразы

болғандықтан уақытша үкімет лажсыздан Петроградта қалып қойды.

24 октябрде түнде Ленин Смольныйға келді, ол көтеріліске басшылық етуді тікелей өз қолына алды. Түні бойы Смольныйға революцияшыл әскер бөлімдері және қызыл гвардияның отрядтары келіп жатты. Оларды Революциялық соғыс комитеті астананың орталығына, уақытша үкімет тұрған Қысқы сарайды қоршап алуға жіберді. Бұл күндері жалғыз Петроградта ғана емес, Ресейдің басқа қалаларында да большевиктердің басшылығымен жұмысшылар мен шаруалар құралды көтеріліске аттанды.

Сөйтіп партияның Орталық Комитеті, Ленин мен Сталин басшылық еткен Революциялық соғыс комитеті октябрдегі ұлы жеңістің айбынды штабы болды.

М. ӘБЖАНОВ.



Революциялық Соғыс комитеті



Ұлы мерекеге



ОТЛИЧНО ОҚУМЕН ҚАРСЫ АЛАМЫЗ

Мектеп аланы. Сабақ басталуға жарты-ақ сағат уақыт қалды. Біздің звенонь пионерлері біртіндеп мектепке келе бастады. Бәріміз жыйналып та болдық. Бірақ, бас қосып сөйлесуге үлгірмедік. Қоңырау қағылды. Сабақ басталды. Сонсоң біздер сабақтың соңынан бір жерге жыйналып, әңгіме өткізуге ұйғардық.

Сабақ бітті. Бәріміз пионерлер бөлмесіне жыйналдық. Быйылғы оқу жылындағы тұңғыш жыйынымызды өткіздік. Жыйынды «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдық мерекесін қалай қарсы аламыз» деген тақырыпқа арнадық. Жыйында звено пионерлері ұлы мерекені қандай партурлармен қарсы алатындығы туралы айтты. Бірінші боп сөйлеген оқу отличнигі С. Мұратбеков:


— Отлично оқу, бұл да патриоттық іс. Мен Октябьдің 30 жылдық мерекесін отлично оқумен қарсы аламын, — деді.

Мұнан кейін пионер Ж. Құдайбергенов сөйледі. Ол өзінің сөзінде:

— Мен пионер Мұратбековтың ұсынысын қолдаймын. Және өзім отлично оқумен қатар, басқа балаларға да өзімнің жолдастық жәрдемді көрсетемін. Звенонь барлық пионерлерін сабақты өте жақсы оқуға шақырамын, — деді.

Біз бұл орынды ұсыныстарды бір-ауыздан қабылдадық. Ұлы Октябрь революциясының 30 жылдық мерекесін отлично оқумен қарсы алатын болдық.

Ахмет ӘБДИЛДИН,
Шубар орта мектебі.



1500 ЕҢБЕК КҮН

Біздің мектебімізде екі отрядтан құрылған пионер дружинасы бар. Пионер ұйымындағы оқушылар жазғы демалыста колхозға барып көп жұмыс істеді, колхозшылармен бірге шөп шабысты, бидай орысты, масақ терді. Мемлекетке астық тапсыру жұмысына да белсене қатысты. Дружинадағы 40 пионер 1500 еңбек күн тапты. Олардың ішінде 4-класс оқушысы Құрманбаев 50 еңбек күн, 6-класс оқушылары Қуатов пен Нұрханов 60—70 еңбек күннен, 7-класс оқушысы Әбиев 83 еңбек күн тапты.



Нұртай «Көккөзекте» бір төш ат пен өгізді күн бата айдап жетті. Олар жаңа ғана шөп шауып жатқан пішеннің колхозшылардың машина салма, тырмаларынан босатылған көліктер еді.

Нұртай быйыл ауылдағы жеті жылдық мектепті бітіріп шығысымен колхоздың шаруашылық жұмыстарына көмектесті. Біраз күн өгіс бригадасында істеді. Одан соң дәнді өгістердің ішіндегі арам шөптерді отасты.

Бір күні жайлаудан пішен шабуға адамдар барады деген сөз шықты. Нұртай мұны естісімен колхоз басқармасына барды да, өзінің пішеншілермен бірге жіберуді сұрап, пішеншілердің көліктерін бағатын болды.

Содан бері он күннен аса уақыт өтті. Нұртай көліктерді күн сайын пішен маңайындағы сайға түнімен жайып қайтады. Өткен екі түн бойы ат пен өгіздер «Күмбелге» жайылып өбден тойып қайтқан. Бүгін «Көккөзекте» айдап келді.

Малдар «Көккөзектің» көң жабылымына көлісімен, соны шөпке қалып тұра қалысты.

Аздан соң ауа райы бұзылып, өсек іші бірден салқындап кетті. Батыстан бір салқын жел тұрды. Қою қара бұлт жылт еткен жер қалдырмай аспанды түгел қоршап алды. Үсті-үстіне нажарай ойнап, күн күрліреп, жалтылдап кетті.

Нұртай қатты жаңбыр болатынын сезіп, көліктерін тез жыйыстыруға кірісті. «Көккөзектің» шығыс жағында бір берік сай болатын. Нұртай көліктерді соған қарай айдады. Жаңбыр бірден күнсіңіп сағырлап құйып жіберді. Жел күшейіп, өрсілі-қарсылы ұйтқып соқты, жаңбыр бетті шапалақтай бастады.

Бұлар қазір жаңа қарқынмен оқуға кірісті.

Ш. СМАХАНОВ.

Талас ауданы, Бостандық орта мектебі.

МЕКТЕПТІ ЖӨНДЕСТІ

Шубар орта мектебі жаңа оқу жылына әзірлене бастады. Мектеп директоры С. Нұрпейсов қолдары бар мүмкіншілікті пайдаланып, мектепті тез жөндеуге тырысты. Бірақ пеш салатын кірпіш жетіспеді. Оны жедел құя қоюға қолы бос кісі жоқ. Жаңа оқу жылының басталуына аз уақыт қалды. Енді не істеу керек?

КОЛХОЗ

тартуымыз



Міне, осындай қысылшаң жағдайда көмекке мектеп оқушылары келді. Оқушылар комитетінің председателі Д. Күзембаев.

— Ағай, — деді мектеп директорына, — біздер мектебімізді жөндеуге көмектесейік деп едік.

— Кіріш құя аласыңдар ма? — деп сұрады директор олардан.

— Құя аламыз! — деп шу етті балалар.

Муны естіген мектеп директоры оқушылардың кіріш құюына рұхсат етті. Оларға керекті құрал-сайман, көлік тауып берді. Сөйтіп Шұбар орта мектебінің оқушылары мен пионерлері кіріш құюға кірісті. Бірі —

қолдарына күрек алып жер қазды, екіншісі — көлікпен су тасыды, ал үшіншісі — қалыппен кіріш құйды. Бір аптаның ішінде олар 13000 кіріш құйды. Кіріш құю жұмысында М. Әділбаев, Бейсетбай Тасымбеков және Қаратай Бабашев сияқты пионерлер ерекше көзге түсті. Олар жанамай еңбек етті. Мектебінің тез жөнделуіне өздерінің пионерлік үлестерін қосты. Осы көмектің нәтижесінде Шұбар орта мектебі жаңа оқу жылына жақсы дайындықпен келді. Оқушылардың сабақты жақсы оқып, сапалы білім алуына толық жағдай жасалды.

Д. АНДАБАЕВ,
Шұбар орта мектебі.



ПИОНЕРІ

Нұртай Беріксайға тақан қалдым-ау деп шамаларанда, түн көзге түртсе, көрмейтін қараңғы болып кетті. Нөсер жауының аяғы бұршаққа айналды, төбені тесіп жібергендей болып, мұз кесектері құйылды.

Тік беттегі жар жолда айдалып келе жатқан мал бұршақтан ықтап бұйығын бір тоқтап, бір жүріп Нұртайды обден әуреледі. Үздіксіз айғайлараннан даусы қарлықты. Нұртай өзін мүлде ұмытып кетті. Үстіндегі бір қабат киімінен жаңбыр лезде өте шыққан. Бұршақтан текесінің іспеген сау жері қалған жоқ. Ол тек малдың басқа жаққа ығысын көтпей, Беріксайға аман жетуін ғана ойлап келеді.

Жарты шақырым жер жүруге жарты сағаттан аса уақыт кетті. Нұртай малды Беріксайға айдап кіргізгеннен кейін «үһ» деп демін алды. Бірақ, кәліктердің түгел, түгел емесін анық шамалай алған жоқ. Енді неде болса сайдың аузын күзетіп, таңды күтпек болды.

Бұршақ салбырлап барып тоқталды. Бірақ, жауын тоқтаусыз құйып тұр. Түн суығып кетті. Нұртай жауын өтіп, суық сорып қалжырай бастады. Астындағы жирен қасқа құнанның ауыздығын алуға да шамасы келмеді, сайдың аузында ат үстінде жүрді де қойды.

Жаздың қысқа түнінің өтуі Нұртайға жылдай болды. Жаңбыр басылды. Өлден уақытта таң да белгі берді. Бұлттар сиреп, айдың сәулесі сай ішін жарқыратып жіберді.

Нұртай 12 ат пен 8 өгізді қос басына күн шыға зорға айдап жетті. Бұл сәулесіне қызыл кебе бастаған киімінің буы бұрқырап тұр. Аттан өзі түсуге шамасы келмей, жолдастары көтеріп түсірді.

Ә. ТЕЗЕКБАЕВ.


ҚЫРМАН КҮЗЕТІНДЕ

Қараңғы түн. Ауыл уйқыда. Егіс паласында ешбір дыбыс естілмейді. Колхоз көшесінде де бейсауат жүрген адам көзге көрінбейді. Тек қырман басында қолына мылтық ұстап, ерсілі-қарсылы бір жан жүр. Ол ел жатса да, жатпайды, орнығып отырмайды. Тек, қыранша көзін қырымға салып алысқа көзін тігеді, кейде көзін төңкеріп, айналага қарайды. Шек араны күзеткен сақшыдай, сақ тұр.

Бұл — Шұбар орта мектебінің оқушысы Керімтай Иманжанов еді. Ол өткен оқу жылында 7 класты өте жақсы оқып бітірді. Оқу жылы аяқталған соң, ол колхоз председателіне жолығып, өзінің колхоздың егіс жұмысына жәрдем еткісі келетіндігін айтты. Колхоз председателі оған қырман басына барып, түнде астық күзету ісін тапсырды. Міне, содан бері Керімтай түнде колхоздың қырманын күзетеді. Оның күзеткен қырманда мая-мая астық, қап-қап қызыл болды. Керімтай осының бәрін жауын-шашыннан, ұры-қарыдан аман сақтады. Бұл — пионер Керімтай Иманжановтың Улы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығына тартқан тартуы еді.

Д. КҮЗЕМБАЕВ.

Шұбар орта мектебі.





ЭНГИМЕ

Сейтжан ОМАРОВ

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

Шаңқай түс. Дала жым-жырт. Жарқырап жаңа келген жарқын жаздың бір көңілді күні еді.

Маралбек пен Әшімтай екі жарасына сіресіп май қонған өзеннің жайпақ жарқабағында жүрелеп отыр. Селтите ұстаған ине қармақтарының сабы құдыққа орнатқан шығыр төрізді. Қармақтарын балық қапқанша бір-біріне үндеспеуге серт айтысқандай, екеуінде де үн жоқ. Бар болғаны, анда-санда үнсіз тамашалап көсіліп жатқан кең далаға көз тастайды.

Су беті жыбырлап, қармақтың бауы сәл төмен тарса-ақ болғаны, ықылық атқызып, кейін сілттеп қалса, балық сопаң етіп судан шыға келеді. Жанталасып, күйрығын былғандағын тулайды. Бірақ, көмекейіне көмле қадалған қармақ жіберсін бе, көздері танадай жайнап лажсыз көнеді.

Сондай көңілді сәтте ғана балықшы балалар, бір келелі істі тындырғандай, көңілденіп біріне-бірі қарасады да, тіл қатысады.

— Я сәт, қармағым жаңа қанданып келеді, — деді шапшаң сөйлейтін қарғалез Әшімтай, қармағына жаңа ұлынған тарғыл табан балықты мойнынан қысып ұстап тұрып.

— Бүгін осы шелекті балыққа толғырып алып қайтсақ, ерлер едік-ау, — деді әрқашанда ойсыз, жоспарсыз сөйлемейтін ауыр мінезді Маралбек, ақ қаңылтыр шелектің ішіне үніліп. — Ортан белінен асыпты, енді біраз қыймылдасақ толғалы тұр.

Балалар үйлерінен алып шыққан майлары мен бауырсақтарын рахаттанып жеді де, кең даланың көрінісін тамашалап біраз отырды.

Дала қандай әдемі! Қарасаң, көзін тоймайды. Узын аққан Қарашығанақ өзенінің осы тұсын «Жаңа тұрмыс» колхозы мекендейді. «Суы-сүт, жері-құт қой біздің өлкенің», — деп мадақтайды колхозшылар өз қонысын. Айтса айтқандай: малға жай, өліңге қолайлы құнарлы жер.

Екі дос туған жерлерінің табиғатын тамашалап көп отырып қалды.

— Мен, егер суретші болсам, осы жердің әдемі бейнесін түсірер едім-ау, — деді Әшімтай тамсанып. — Неткен әдемі біздің жеріміз.

— Мен бар ғой, — деді Маралбек аздап тұтығып. — бәрібір сурет салуды үйренем.

Хош ністі көкөрай шалғын, неше түрлі гүлдер мен сансыз өсімдіктер далаға әдейі төсеіп қойған кілем секілді.

Тасқыны жуырда ғана қайтып, аңғуы басылған Қарашығалақ өзені енді бір сәт дамылдап тыныштық алғысы келгендей, күміс көбікті мөлдір суын жайпақ жарына жай ғана соғып, момақансып ағып жатыр. Құн шуақта жарыққа таласқан балықтар су бетіне шоршып шыға келеді. Ұстаның жөрігі секілденген қатпар-қатпар өңештерін созып, ауыздарын арандай ашып, көздері

меруерттей мөлдіреп аз-кем тұрады да, шөп етіп қайта сүңгіп кетеді.

Балалар осы суреттерді тамашалап отырып бір сағаттай уақыттың қалай өткенін сезбей қалды.

Әнеки, қаршығадан үріккен бір топ үйрек «бық-бық» әніне басып шулап өте шықты. Арғы жағрада балаландарын ертіп бір қоңырала қаз қырға шығып баралы. Құстың неше түрлісі осы өзенге жыйналыпты, бәрі де өзінше тіршілік әнін шырқап, өз өмірінен тіл қатады. Бір-бірімен сырласады...

Маралбек пен Әшімтай қармақтарын суға салып, тағы да өзенге үнілді. Су қойнынан оңай жем іздеген аңқау балықтар бірінен соң бірі жас балықшылардың қармақтарына іліне берді.

Күн төбелен ауып барады. Бұл аймақтың әуе райы сабындай айнығып келеді. Лезде жел тұрып, батыс жақтан бір қара бұлт шыға келді де, аспанды торлап алды. Әлгінде ғана жер-жаһанға нұрын төгіп тұрған алтын күннің бетін бұлт басты. Бір кезде аспанда от жарқылдап нажағай ойнай бастады. Шарт-шұрт атыс... Өсімдік біткен үршісін діріл қақты. Сатыр-сұтыр күшейе түсті. Әлде біреу шетсіз, шексіз жалпақ қаңылтырды керемет бір дәу балғамен соққылап, одан от ұшқындап жатқандай...

Жаңа ғана момақансып жай ағып жатқан өзен де ала сұрып, айдындана, жолқындана бастапты.

Әшімтай мен Маралбек қармақтарын жыйнап алып, жел жаққа арқаларын бере, біріне-бірі ыйық түйістіре отыр. Бір кезде күн шамасыз қатты шартылдады. От шапқандай айнала жарық-жұрық етті. Судың бетін күрөң қызыл жалын жапты да көзді ашып жұмғанша ғайып болды.

Жаңбыр әлі жауған жоқ. Тек анда-санда аздап сіркіреп қояды. Өзеннің арғыжағынан, колхоздың қой қорасының тұсынан түтін бүркі ете қалды.

— Ойпырмай, өрт болмағай еді, — деген Әшімтай. Досының сөзін естігенде, Маралбектің тұла бойы діріл деп қоя берді.

— Не дейсің?

— Өрт, өрт!

Бұлар өзеннің оң түстік жақ жағасында, Колхоз кыстағы өзеннің солтүстік жақ бетінде болатын. Бірақ, бұл тұстан шығысқа таман қыйыс — шамасы 4-5 километр жерде еді. Әшімтай мен Маралбек бұл араға көпірлен өтіп, айналып келген. Балалар отырған жерден колхоздың қой қорасы бір километрден артық емес.

Екі баланың көзі өрт шыққан жақта. Түтін қоюланып, бір кезде жалыны да көріпді. Жанып жатқан колхоздың қой қорасы.

Бұл қораның маңайында колхоздың кешке қоздаған саулықтары бағылатын. Ал, күндіз қатты жаңбыр бола қалса, я болмаса, қара дауыл соғып кетсе, саулықтар мен қошақандар ұшып қалмасын, деп дереу осы қора-

ға қамалатын. Мұндай сүренсіз қосақы күндер бұл өлкеде, әсіресе жазғы-гүрғы кезде, көп болады. Бұл қойларды Сәмет қарт баратын.

Әлгіңде күн желдетіп, нажағай ойнай бастасымен-ақ Сәмет қарт қойлары мен қозыларды айдап әкеп қораға қамаған. Муны Әшімтай мен Маралбек те көрген.

Өрттің жалынын көргенде, Маралбек пен Әшімтай жылап жіберді.

— Ойбай-ай, қойлар мен қошақандар өртенеді-ау! — деді Әшімтай сыртқы кеудешесін жалмажан шеше бастап.

— Судан өтіп, тез жетпесек болмайды — деді Маралбек үстіндегі көнетөз гимнастеркасын сыпырып тастап.

Олар суға қойып кетті, дес бергі, екеуі де малтымпаз еді. Бірде сүнгіп бірде жүзіп отырып жағаға жетті бұлар. Екеуі жарқабаққа секіріп шықты да, қол ұстасып жүгіре жөнелді. Олар келсе, қораның төбесі сатырлап жанып жатыр.

— Жай түсті, жай — деді Сәмет қарт есі шыға айқайлап, — Күнтайларым-ай болыса көріндер...

Азан-қазан болған қойлар мен қозылардың дауысы естілді. Балалар да, Сәмет қарт та аялдамастан қораның тақтай есігін жалма-жан ашты да ішіне кіріп кетті. Қораның іші түтінге толып кетіпті.

— Қораның төбесі жанып түскенше, бар қойлар мен қозыларды далаға шығарып үлгіруіміз керек, — деді Әшімтай, есікті аша беріп.

— Тез қыймылдайық! — дегуге ғана шамасы келді Маралбектің.

Түтінге қақалып есі шыққан қойлар мен қозылар ұйлығып босып жүр. Өлсе есікке жуыр емес. Өйткені қораның ішіне қорғалаған түтін есікті көрсетпейді. Балалар ең алдымен қозылардың бірінен соң бірін құшақтап алып далаға шығара бастады. Оны көрген әккі қойлардың біразы өз беттерімен ойысын тысқа шықты да, әбден басы айналып есі шыққандары қораның түкпіріне барып сығылысып тұрып алды...

Өрт әбден күшейе түсті. Қораның төбесіндегі сырғауылдары қара көмірленіп бытырлап жанып жатыр. Екі баланың маңдайларынан сорғалаған тер бүкіл денелерін



жуып кетті. Көздері жасаурап тұж көрінбейді. Олар қозыларды аман-есен шығарып болып қалған қойларды сүйрелеп есіктен шығара берді.

Ең ақырғы қойды үшеулеп сүйреп шығарғанда, қой қораның төбесі күйреп ортасына түсті.

Маралбек, Әшімтай, Сәмет қарт үшеуі жыйырма минут шамасы өртпен алысып, колхозының бір қора қойын аман алып қалды.

— Апырмай, сендер келмегенде, қойларым қырылатын еді, — деді Сәмет еңтігін баса алмай.

Маралбек Сәметке:

— Шаршадыңыз ғой, дем алыңызшы, ата, — деді.

Сәмет екі жағынан құшақтап жабысып тұрған балалардың маңдайларынан сүйіп:

— Жарайсындар, жігіт екеңдер, өмір жастарың ұзақ болсын! — деді, даусып қатты шығарып.

Өрттен құтылған қойлар үрейлене маңырасып, қозыларымен табысып жатты. Бұл кезде нажағай басылып жауып жауа бастады.



Отанымыздың жас патриоттары.

САША ЧЕКАЛИН

Саша Чекалин — Советтер Одағының батыры атағын алған ең жас пионер. Ол 1925 жылы 17 март күні Ленинград облысы Песковатскі селосында туған.

Саша жас та болса, өте ақылды бала болды. Ол өз Отанын, өз халқын шексіз сүйді. Және оның тамаша адамдары — Александр Невскийді, Михаил Кутузовты, Василий Чапаевты аса зор бағалады, солардай асқан батыр болуды арман етті.



1941 жылы неміс-фашист басқыншылары сүйікті Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасады. Жау Отанымыздың жүрегі — Москва қаласына таянды. Осы кезде Саша Чекалин өз әкесімен бірге, партизан отрядына қосылды.

Саша отрядта әуелі радиотехник болып істейді. Оның пионер отрядындағы үйірмеден алған білімі оның партизан отрядында рация орнатып, байланыс жасауына үлкен жәрдем берді. Мұнан кейін ол отрядта барлаушы болды. Айсыз қараңғы түнде, қалың орман ішінде, қаптаған жаудың арасында барлауда жүргенде, ол қорқып сескенуді білмейді. Дұшпанның саны мен тұрған жері, күші мен қаруы туралы партизан отрядына талай рет аса бағалы мәліметтер әкеліп жүрді.

Бір күні Саша ондаған фашистермен жалғыз айқасты. Бұл айқаста ол қорықпады да, саспады да. Қодимгі

байсалды батырларша жаумен алысты. Ол жаудың ортасына граната лақтырып, алтауын өлтірді, үшеуін винтовкамен атып құлатты. Ал қалған біреуін тірідей қолға түсіріп, партизан отрядына етіл» етіп әкелді.

Тағы бір күні Саша бір селого келеді. Ол бір үйде отырғанда, үстіне сау етіп бір топ неміс солдаттары кіріп келеді. Саша оларға қарсы қайрат көрсетіп, граната лақтырады. Бірақ, лақтырған гранаты жарылмай қалады. Немістер оны ұстап алады. Сөйтіп есіл жас батыр қапыда қолға түседі.

Немістер Сашадан жауап алады. Оны ұрып, сабап, қатты азаптады. Бірақ, қанша қыйнаса да, Саша партизан отряды туралы, өзінің жауынгер жолдастары туралы, олардың қай жерде тұрғаны, қандай күші,

қаруы бар екендігі туралы бірде бір сөз айтпайды.

Саша өмірінің ақырғы минуттарына дейін өзін ерлерше ұстайды. Немістер оны дар басына алып бара жатып, оның аяғына өткір найзаларын сұққанда да, ол ешбір дыбыс шығармайды. Дар басына асқан шыдамдылықпен келеді. Немістер оның мойнына дар тұзағын салғанда, ол: «Біздің бәрімізді бірдей аса алмайсыңдар! Біздер көппіз!» дейді. Сонсоң «Интернационал» өлеңін айтады...

Жас партизан, батыр-пионер Саша Чекалин осындай ерлік өліммен қаза тапты.

Саша Чекалиннің сүйегі өзінің туған селосы — Песковатскіде, В. И. Ленинге арналған ескерткіштің жанына жерленді. Ал, Песковатскі селосы — жас батыр Саша Чекалиннің атымен аталды.

МӘНШҮК МӘМЕТОВА

Советтер Одағының Батыры — Мәншүк Мәметова 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданында туды. Мәншүктің балалық шағы астанамыз — Алматы қаласында өтті. Ол осы қалада орта мектептің жеті класын бітірді. Рабфакта және медициналық институтта оқыды.

Мәншүк сабақты өте жақсы үлгерді. Октябрат, пионер және комсомол қатарында тәрбиеленді. Ол мектепте және институтта оқып жүргенде, қоғам жұмыстарына белсене қатысты.

Мәншүк жасынан ұқыпты болды. Ол көргенінен көз жазбайтын естігенін ұмытпайтын зерек, алғыр еді. Сонымен қатар ол үнемі физкультура және спортпен шұғылданатын. Қысты күні шаңғы теуіп, жазды күні пионер лагеріне баратын.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Мәншүк әскери үйірмелерге қатысып, алғашқы жәрдем беру өнерін үздік үйреніп шықты.

Мәншүк 1942 жылы август айында өзі тіленіп майданға барады. Алғашқы кезде Н. құрамасының штабында істейді. Сөйтіп жүріп ол соғыс қаруларын үйренуге бар ынтасын салады. Әресе, ол станокті «Максим» пулеметін әбден меңгеріп алады.

Көп ұзамай Мәншүк өз еркімен атқыштар бөлімшесіне ауысады. Пу-



леметші болады. Аға сержант атағын алады.

1943 жылдың октябрь айында біздің әскерлер немістің күшті бекінісін бұзып өтіп, Невель қаласын азат етті. Мәншүк Невель қаласы үшін болған ұрыстарда өз пулеметінің оғын жауға қарсы шебер жұмсай біліп, өз бөлімшесінің ілгері жылжуына жол ашты.

Немістер қаланы қайтарып алуға әрекет етіп, өршелеме қатты шабу-

шыға шықты. Урыс күнді-түні басыл-
мады. Қайта минут сайын қыза түс-
ті. Совет жауынгерлері қорғанысты
берік ұстап тұра берді.

Урыс ұзаққа созылды. Осы урыста
жас пулеметші Мәншүк өзінің асқан
ерлігімен көзге түсті. Жолдастары
қаза тауып, жалғыз өзі қалғанда да,
ол үш пулеметтен бірдей оқ атып,
жауды беттетпеді. Ақырында қаң-
ғырған бір мина қасына келіп жары-
лып, Мәншүк басынан ауыр жаралан-
ды. Ол, өзінің ауыр жарасына қара-
мастан жауға оқ жаудыра берді,
тағы да фрицтерді жусата бас-
тады. Осы кезде совет жауынгерлері
шабуылға шықты. Немістер асығыс
кейін шегінді.

Қазақ халқының даңқты қызы-
Мәншүк Мәметова бұл қанды урыс-
та батырлық өліммен қаза тапты.
Оның пулеметтен атқан оғы жау-
дың 70тен аса солдаттары мен офи-
церлерін жойды, душпанның бірнеше
қайтара жасаған шабуылын тойтарды.

КОСТЯ КРАВЧУК

Костя Кравчук — Киев қаласын-
дағы бір мектепте оқыған, сол қа-
ланың қарапайым ғана пионері еді.
Ұлы Отан соғысына дейін ол ешқан-
дай ерекшеліктерімен көзге түспе-
ген, даңққа бөленбеген. Ол өзінің
Отанына шексіз берілгендігін, өз
халқын шын жүрекпен сүйетіндігін
Ұлы Отан соғысы кезінде дәлелде-
ді.

1941 жылы Киев қаласының көп-
терінде Қызыл Армия бөлімдері
неміс-фашист басқыншыларына қар-
сы кесіклескен қатты урыстар жүр-
гізіп жатты. Осы урыс үстінде бір
полктің ту ұстаушысы ауыр жара-
ланды. Ол өзінің қайтып қатарға қо-
сылмасын анық сезді. Бірақ, ол қа-
лайда қолындағы туды аман сақ-
тап қалуды ойлады. Жаралы жау-
ынгер қатты қансырып, өлім халин-
де жатса да, полктің айбынды туын
хау қолына түсіргісі келмеді. Осы
кезде оның жаңына жас Костя жүр-
гіріп келді. Жауынгер қасына кел-
ген Костядан:

— Бала, сен пионермісің? — деп
сұрады.

— Я, мен пионермін! Маған сеніңіз
мен бәрін де істеймін, — деді Костя.

Жаралы жауынгер Костяның шын
пионер екеніне анық көзі жеткен
сон, туды оған табыс етеді де, өзі
талықсып кетеді.

Костя туды қалайда аман сақтап
қалуға кірісті. Ол өз басына төн-
ген өлім қаупіне қарамастан, туды

Неміс басқыншыларына қарсы кү-
рес майданында командованиенің
жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі
орындап, қаһармандық және батыр-
лық көрсеткені үшін СССР Жоғары
Советі Президиумының 1944 жыл-
ғы 1-марттағы Указы бойынша аға
сержант Мәншүк Жиенғали қызы Мә-
метоваға өлгеннен кейін Советтер
Одағының Батыры атағы берілді.

Едбекшілер депутаттарының Не-
вель қалалық советінің бірінші мәж-
лісінде Примор және Торфяной кө-
шелерін қазақ халқының батыр қы-
зы-Мәншүк Мәметованың атымен
атау туралы қаулы шығарылды, қа-
зір еліміздің көптеген мектептері мен
пионер ұйымдары Мәншүктің атымен
аталады.

Мәншүк — Отанды сүюдің, оған
берілгендіктің айқын бейнесі, халық-
тың бақыты үшін күресте қайтпас
батырлықтың үлгісі. Оның есімі совет
халықтарының жүрегінде мәңгі жаса-
мақ.

құдық маңындағы ескі уранның ішіне
апарып жасырды.

1943 жылы Совет Армиясы Киев
қаласын жаудан азат еткеннен кей-
ін, Костя екі полктің қырмызы қы-
зыл туларын аман-есен Қызыл Ар-
мияның командованиесіне әкеп тап-



сырады. Ол Отан алдындағы өзінің
хасиетті борышын аброймен өтеді.
Пионер деген ардақты атты ақтады.

Партия мен үкметіміз жас пионер
— Костя Кравчуктің бұл ерлігін аса
жоғары бағалады, оған наградқа Қы-
зыл Ту орденін берді.

КЕР ҚҰЛЫН

Сүйріктей қос құлағы
Көзі гауһар жайпаған,
Кеседей құйма тұяғы,
Құландай орғып ойнаған.

Түгі асыл құндыздай,
Кекілі майда үкідей,
Шабысы аққан жұлдыздай,
Жалт бұрылад түлкідей.

Құс қанатты жер құлын,
Даланың бейне құланы,
Сыртына салып күйреғын,
Далада ойын салады.


Көкіліңде тұр шашақ,
Талдап өрген жібектен,
Таққан белгі бала арнап,
Жақсы ниет, тілекпен.

Отты көзі жарқырап,
Құлдың бала қарайды,
Үстін сылап-сыйпапай,
Жалын талдап тарайды.

— Ат болуға тұр даяр,
Өсірген сенің құлының,
Деді әкесі Қудыяр,
Бетінен сүйіп улының.

Қолына алып қурығын,
Шаттыққа Дүйсен бөлгенді,
Көп жылқымен құлының
Өріске айдап жөнелді.





(БІР АКТІЛІ ПЬЕСА)

Ш. ХҰСАИНОВ, К. БАДЫРОВ

Суреттерін жасаған В. НЕСТЕРОВ

Жантас—аудандық комсомол комитетінің секретарі.

Маруа—мұғалім.

Ермек—геологтар тобының пионері.

Болат

Ғалым—ботаниктер тобының пионері.

Айдар—әдебиет зерттеушілер тобының жетекшісі, итрян жоғатын.

Сапар—асбасшы.

Мақсұт—дежурный.

1-пионер—дабылшы.

2-пионер—санитар.

Куаныш—жолбасшы, қарт мұғалім.

Пионерлер.

Тау іші. Түн. Күркіреуік, ақтарыла құлаған өзен. Маздан жанған от. Ермек от жағарында тапқан мрамр тасын алып қайтуға айғайлап қашаң жатады. Мақсұт біреулерді күткендей, елегізін сыртқа қарап тұр. Сапар идыс-аяқтарды жыйнастырып жүр. Өзгелері маздан жанған отты айнала, Куаныш қартты орталарына аң қосылып ән салып отыр.

Ән. Келді әсем жаз, көптен күткен,
Қырмызыдай гүлімен.
Көкшіл орман жапрағымен,
Әнші бұлбұл жырымен.
Келді әсем жаз, жаным сүйген,
Алтын шапақ күнімен.
Неше түрлі әдемі әнмен,
Аққуының үнімен.

Куаныш. Ән шырқауларың бұрынғыдай емес, тегі шаршағансыңдар-ау деймін.

Ермек. Дамыл таппағанымызға үш күн болды емес пе, мұғалім ағай?

Куаныш. Я, таудан түсіп қайтуға бет алған жолымыздың орта беліне жаңа жеттік. Әліде алдымызда не бір қыйын шатқал, тәр кезеңдер жатыр. Ұйықтап дем алыңдар.

Ермек. Ну орман, оның ішінде жортқан аңдардың төнген хауіпін біле тұра қалай ұйықтарсың, аға!

Сапар. Міне, біз де болдық. Ауқаттанғаннан кейін аз еңгіме айтсаңыз, бірден өздері де қор еге түседі. Ей, дежурный, мені таң сәріден оят, жарай ма?

Дежурный. Жарайды. Таң сәріден оятам.

Сапар. Ал, мұғалім, ұйықтағанға берсе, маған берсін.

Куаныш. Оттығынды күрәк жерге сақта, балам. Ас

адамның арқауы. Сенің пісірген тамақтарыңның дәмі кісінің аузынан кетпейді. Ұйықтай ғой, қозым. (Сапар ұйқыға кіріседі).

1-пионер. Тіпті мен ұйықтай алатын емеспін

2-пионер. Көзіме тіреу қойғандай, менің де ұйқымның қашуын қарашы.

Ермек. Ағай, бізге ұйықта дейсіз әзіңіз тіпті көз шырымын алмадыңыз ғой.

Куаныш. Е, балалар, қыран бүркіт ұясын қыя тастың басына салады. Қашаң балапаны қанат қағып жеткенше, көз шырымын ала ма? Алмайды. Біз бауырындағы түлкісі бұлаң еткенде, басындағы арқары қылаң етіп, күзден күзге секіретін, биікте тұрмыз ғой, балалар.

Ермек. Құздан құзға секіреді деймісіз, аға.

Куаныш. Я, тау оқыйғасы қызық қой, таудың арқары мен маралы бір қыядан бір қыяға секіргенде көз ілестірмейді. Сендер менің қасымда отырып елегізін ұйықтай алмайсыңдар, ана бізден де жоғары кеткен аға жоғатын Жомарттың қасындағы балалардың күйі не болды екен?

1-пионер. Аға, соларды бекер жібердік.

Куаныш. Көңіліне қарадым ғой.

Ермек. Я, Жомарт аға қаш болғанша ораламыз деп еді. Енді міне түн асып барады.

2-пионер. Мұғалім аға, қолымызға от алып айғайлап, мына шоқының басына шығып іздесек қайтеді?

Ермек. Табиғаттың балбыраған тәтті ұйқысын бұзайын деп пе едің? Ондай күшті саған кім берді? Индияға барам деп Колумбы да Америкадан шыққан.

2-пионер. Белгі берсек несі бар, олар да белгі береді.

Ермек. Ендеше шоқының басына шық та, белгіңді бере ғой. Бірақ, арамдада неше қабат биік қырқа, асулы белдер жатқанын білемісің.

Куаныш. Ермек дұрыс айтады. Олар төбеде ме, төменде ме. Біз үшін жұмбақ. Қараңғыда қатсең бір тасты қозғап алсаң, біріне бірі соқтығып төбеңнен төніп тұрған тастар бірін-бірі қозғайтындығы естерінде болсын. Аманшылық болса, ертең біз тұрмай-ақ келіп қа-

Ау, орнамыздан басады. Ермек жан, мына асыл тасты бізбен бірге жүретін болды ма?

Ермек. Мұны бітірмей жүрмейміз, аға.

Қуаныш. Осыны көтеріп алып жүруге маңғайлаймыз деп қашағаныңа үш күн болды.

Ермек. Өкінбейсің, аға, мұндай сирек кездесетін асыл тасты тапқанға үш күн тұрсын, он үш күн айналсақ та болады. Бұл сапарда олжамыздың үлкені осы емес пе?

Қуаныш. Дұрыс айтасың, жаратылыс сыйлығын босқа бермейді ғой, мұның өмірі — ұзақ, жолы — алыс, бұл бізбен бірге ауылға да, одан Алматыға да, Москваға да барады.

1-пионер. (арманды түрде). Мрамр, граниттен соғылған ұлы бейне.

Ермек (сөзін бөліп). Прометейдің жаққан отындай оның оты мәңгі сөнбейтінін сіз жақсы білесіз ғой, мұғалім аға.

Қуаныш. Білем. Жақсы білем, Ермек жан, ақылыңнан айналдым. Шешеннің тілі, шебердің қолы ойнайды. Күндей нұрлы, толғаң айдай сұлу жаса, балам.

Ермек. Капитан Гастелло, генерал Черняховский, соларды жасаған шебердей сәулетті етіп шығарсам, (Тастың қасына тақап барып). Шығады ғой деймін.

Қуаныш. Шығады, шығуына табиғаттың саған тарту еткен сыйлығының өзі куә. Арманын алыста екен, қыраудай қыяға көз жібергеніңді әбден түсіндім, тек тез бітіріңдер.

Ермек (1-пионерге). Бері кел. Болса да мұрның пысылдан ұйықтай алатын емессің, мұғалім дем аласың, екеулеп тез бітірейік.

1-пионер. Біз мұны бітірерміз-ау, әлгі тарихшылар тобы не бітіріп келер екен? Ей, мен де солармен бірге кетбеген екем.

Ермек. Е, сені мұнда зорлап қалдырған кім? Әлі де кеш емес, бара ғой.

1-пионер. Сендердің саулықтарыңды қорғап, тазалықтарыңды сақтаймын деп қалдым ғой.

Ермек. Бәле, сөз болғанына. Біади қорғаймын деп қалғанша, ана жолдың асуы қиын, аға вожатыймен бірге неге кетпедің? Оларға дәрі-дәрмек керек емес пе екен? Онан да еріншек, жалқаумын десейші.

1-пионер (унатпай). Жә, енді, сырағысың айтқанымда. Мақсұт (біреуге). Тоқта! Бұ кім?

Айдар. Мен ғой.

2-пионер (орнынан ұшып тұрып). Ау, мынаған не көрінді? (айғайлап) Кіммен сөйлесіп тұрсың?

(Барлығы елегізіп қарайды. Мақсұт пен Айдар сөйлесіп келе жатады).

1-пионер. Айдар, отрядың қайда? Жалғыз неге келдік?

Мақсұт. Судан өте алмадық деп мыңғырлайды. Аға, сөйлесіңізші, мен постыма барайын. (Кетеді).

Қуаныш. Амансын ба, Айдар? Өзгелерің қайда?

Айдар. «Қызыл жұлдыз» колхозы мен «Жаңа талап» колхозының тарихымен танысып болдық та, жолшыбай егіс бригадлеріне соқтық. Егіннің шығысын байқап, маршрут бойынша неде болса сендерге жетейік деп тартып отырдық, алайда ымырт жабылып кетіп, Борлықтың өзеніне келдік те, тірелдік.

Ермек. Содан?

Айдар. Содан не болсын, өтетін өткелді олай іздедік, таба алмадық, былай іздедік, таба алмадық. Мен тастан тасқа қарғып суға бір түсіп, бір шығып әрең өттім. Содан қалайда уәделі сағатта сендерге жетуге асықтым. Отряд қалып қойды.

1-пионер. Қайда? Өзеннің аржағында ма?

Айдар. Аржағында ма дейді ғой? Бержағында болса келмес пе еді?

Қуаныш. Қай тұста, жоғарыда ма, төменде ме?

Айдар. Міне, мынау Темір қазық қой, мұғалім. Жеті қарақшыны сол жарымызға алғанда, дәл сол мандай тұсымызда Маған айтты, көпір салып өтеміз, көмекке тез жетсің, деді.

Қуаныш. Түнге бекер ұрынған екенсіңдер, ертең ерте неге шықпадыңдар?

Айдар. Айтылған уақытта жетеміз дедік.

Ермек. Дабылшы қайда?

1-пионер. Мен мұндамын.

Ермек. Нағып тұрсың, оят балаларды.

(1-пионер горн тартып, дабыл қағады. Пионерлер орындарынан тұрады).

Ермек. Пионерлер сапқа тұрыңдар. (Пионерлер сапқа тізіледі).

Сапар (Көзін укалап орнынан түрегеп). Түү, қатты ұйықтап кетіпсің. Дежурный, таң атты ма?

2-пионер. Уйқыңды аш, аттанғалы жатырмыз.

Сапар. Қайда? Ауылға ма?

2-пионер. Ауылға емес, колхоз тарихымен танысқалы кеткендер өзеннен өте алмай тұр дейді. Соларға.

Сапар. Өте алмаса, кеттік, біздің қашаулар қайда? Ыдыс-аяқты, ас пісіретін котелді жыйнадыңдар ма?

Қуаныш. Сапар шырағым, қозғалмай тұра тұр. Қазір таң сыз беріп атып келеді.

Сапар. Неге қозғалмаймыз, кетпеймізбе?

Қуаныш. Ас пісіруші мен дежурный сен екеуің мына Ермектің қасында болыңдар. Біз, басқаларымыз, барсақта болады. Бәріміз бірдей кетуге болмайды.

Сапар. Жақсы онда, қалайық. Дежурный, мені ерте оят. (Қайтадан ұйқыға кіріседі).

Қуаныш. Арқан мен балта алдыңдар ма?

1-пионер. Алдық, аға.

Қуаныш. Жөнегіштерің кімде?

2-пионер. Компас па? Менде.

Қуаныш. Қане, компасыңз қарашы. Бағытымыз дұрыс па?

Айдар (2-пионердің қасына келіп). Дұрыс, міне, дәл көрсетіп тұр.

Қуаныш (сумкасынан сол аймақты түсірген кішкене картасын аяп). Борлық өзені мынау. Таудан құлайтын, ағысы қатты өзен Зерендінің ну қарағайын жарып өтіп, құм кешуге қарай созылады. Сонда олар қай жерде?

Айдар. Дәл мына, Найза шоқының түбінде.

Қуаныш (Компаспен өлшеп). Үш жүз елубес градус. Белгілі, ал Ермек, біз келмей қозғалмаңдар. Жомарттар бізден бұрын келсе, бізді тоссын. Өткел бермес өзенге өткел сала кетті деңдер.

Айдар. Мұғалім аға, олар сендермен бірге емес пе?

Қуаныш. Е, балам, олар бізді қолайсыз жағдайға ұшыратып тұр ғой. Уәделі күннен өтіп те кетті, әлі жоқ.

Айдар. Не дейсіз? Түсінбеймік, жаман ат жоқ па, әйтеуір?

Қуаныш. Кейін түсіндірем, жүр.

Ермек. Жолдарың болсын, аға!

(Қуаныш бастаған пионерлер кетеді. Ермек күзетте тұрған Мақсұт, Сапар қалады).

Ермек. Сапар, ұйқың қанған болар, тұрсаң қайтеді?

Сапар. Түү, апыр-топыр немене өзі, қайдан қанады, ұйықтаған да жоқпын. Кімді мазақ қыласың?

Ермек. Уйқы шүспан демей ме? Уйықтамағаның жөн. Оны жүрегінің өзі-ақ түсініп, сені ұйықтапай жатқаны сол.



Сапар. Тарихшылар тарихыма, сен болсаң тастаң өмі ойған өнеріммен. Жомарттың қасына ергендер дүниенің жоғын табамыз деп кетіп еді, қайда жүргені де белгісіз, азыртып тосқызды да қойды, бәрінен де өзіндікі дұрыс. Отты жағамыз, тамақты асамыз, дәмін көреміз, жұртқа үлестіріп береміз. Ыны да, шыны да жоқ.

Ермек. Әрине, сен жігітсің ғой.

Сапар. Кеше бір қап сапырауқулақтан суп жасап бергенімде, міне тамақтың тәттісі деп Қуаныш мұғалім қандай мақтады. Тамақ істеуде өнер. Тегі мен түбінде первоклассный повар боламын ғой деймін. Соның институтына барсам қайтеді, қалай қарайсың, ә?

Ермек. Е. барсаң бар. Құптықтаймын. Тек заманы болма, жақсысы бол.

Сапар. Болсам, жақсысы болам. Әй, Ермек, осы тарихта повардың атақтысы кім болған, соны айтшы?

Ермек. Мен оны қайдан білейін. Институтқа барсаң, өзің білесің.

Сапар. Ендеше тұрып тұр, түбінде тарихта қалатын атақты поварың мен болам. Ал, маған не қыл дейсің?

Ермек. Саған ба, атақты повар болуын тұрыпты ғой, қазір бері келіп маған көмектес деймін.

Сапар. Е, сен маған көмектестің бе?

Ермек. Саған бәріміз де көмектесеміз ғой. Суыңды әкелеміз, отыңды жағамыз, қане жолдас повар, не бұйырсыз деп аяғымыздан тік тұрмаймыз ба?

Сапар. Несі бар, менің қызметім барлығыңнан да үлкен, бірақ, біздей емес, сенің арманың алыста, сонау, сонау Москвада. Кремльдің жүрегінде. Мрамрдан скульптур жасауда жатыр ғой, көмектесейін.

(Екеуі тасты қашай бастайды. Бұл кезде тау ішінде жаңғырыққан дауыстар естіледі. Бұлар аң-таң боп ақырын тыңдайды).

Ермек. Бұл не? Не болды екен?

Сапар. Енді қайттік.

(Күзетте тұрған Мақсұт жүгіріп Сапар мен Ермектің қасына келеді).

Мақсұт. Естідіңдер ме? Бұ не қақап?

Ермек. Токтаңдар, тыңдайық.

Сапар. Жомарттардың жүрген жолынан тас құламасын білді еді?

Ермек. Кім білсін? Етекте ме, жоғарыда ма, болжайықшы.

Мақсұт. Етекте болса, не болғаны?

Сапар. Не болушы еді.

Ермек. Жоқ. (Жүгіріп тастың үстіне шығып) Етекте болса, олардың мерт болғаны. Мұғалім ағай да кетіп қалды. Жомарттар болса белгісіз, саспаңдар, шыдаммен қарсы алайық. Не болса да болды. Сенің берген белгің,

бауырыңа жүрегінде жаңған достықтың отының белгісі ғой. Сабыр етейік.

Сапар. Менің ойым жетпей тұр. Анығын айтшы, неден болды дейміз.

(Тау жаңғырығы ұзап, естілген дыбыстар бәсеңдей бастайды).

Ермек. Жаратылыстың анда-санда осындай бір тулауы боп қояды. (Жерден бір тасты қолына ап) Мінеки, мына тасты төмен қарай жіберсек, бұл бірін қозғайды, бірі екінсін қозғайды, тас пен тас соқтығысады, ұласа келе ұлы бір күшке айналады. Сол ұлы күш бұзып өткен жолын жападан жасайды. Сондықтан да төбеңнен төніп құлағалы тұрған тастардың ара-арасымен жүру өте қауыпты деп мұғалім айтты ғой.

Мақсұт. Қашан, бүгін бе?

Ермек. Я, мана сен күзетте тұрғанда.

Сапар. Я, от жақпай қазан қайнайма, бірін — бірі қозғайды дегеніңнің жөні бар.

Ермек. Оған себеп көп, түнде жортып жүретін аң аз ба? Іргесін үңгіп, ілініп тұрған тастар аз ба?.. Әлде мүмкін, біздің пионерлер бізге түн болса да жетем деп андаусызда жаза басты ма? (Ойға шомып). Күзды қыя жартастан табап тайса.. (Қатты қыйналып). Онда қыиын болды. Ел-жұртқа не дейміз.

Мақсұт. Есің достар-ай!

Сапар. Ата-анасына не дейміз, қайда қалды дейміз?

Ермек. Токтаңдаршы, жақсылыққа жорыйықшы.

Сапар. Жаңағы өткен дүлей күш мұғалім ағайды, не Жомарттарды соғып өтпеді ме дегенім де..

Ермек. Жоқ, жоқ, олай болуы мүмкін емес.

Сапар. (алабұртып). Күнгір, күнгір жердің астында мотор дүрілдеп тұрған тәрізді.

Ермек. Жаңағының сарыны да.

Мақсұт. (Сыбырмен). Жапрактардың сыбыры естіледі.

Сапар. Келе жатыр.

Ермек. Төменнен ғой. Бұл не жаңсақ. Олар жоғарыда емес пе еді. (Қуанып). Міне, қыйын жерден жол тауып шыққан біздің ерлер, жігіт, жігіт!!!

Сапар. Апырмау, булар қай жарымыздан орап өтіп кеткен.

Мақсұт. Осылар әлі бізді алдап жүрмесін. Мұғалім ағай бастаған балалар былай кетті.

Ермек. Тап қасымызда екен ғой. Бізді жолдан тосып келмегенсін, өздерінің келе жатқаны.

Дауыс. Е, ей! Қайдасындар?

Ермек. Жоқ олар болмады.

Сапар. Оны қайдан білдің?

Ермек. Ауыл жақтан келе жатқан бір топ адам ғой.

Мақсұт. Я, хабар болмағанын бізді іздеп шыққандар болды.

Жантас. (сырттан). Қандай қыйын жерге келіп бекінген.

Маруа. Қорғандары мықты екен. От сәулесі болмағанда таба алатын жер емес қой.

Ермек. (Дауыстарын танып). Жантас аға, Маруа апа! (Жантас пен Маруа бастаған пионерлер келеді).

Жантас. Амансындар ма? (Шұрқырасып амандасады). Бұл қай жатыс?

Ермек. Жатайын деп жатыр дейсіз бе, амалсыздан.

Маруа. Басқаларың қайда?

Ермек. Сіздер бізді жоғалтсаңдар, біздің де жоғалтып отырғанымыз бар, Маруа апа.

Жантас. Не дейді, кімді жоғалттындар? Өздерін біріннен бірің адасып қалғаннан амансындар ма?

Ермек. Я, біраз қыйындыққа кездесіп тұрған жардамымыз бар. Мынау мрамр тасын өзімізбен бірге алып кетеміз деп, үш күн осының әуресінде отырдық.

Маруа. Мрамр!?! Олжаларың жақсы екен. Маршрут белгілі емес пе еді?



Ермек. Маршрут бойынша бурнағыз күні ара вожатый Жомарт геологтар тобын бастап, оң қанатымыздағы сонау арғы қыяға шығып келеміз деп кетіп еді, біз мына тасты тез бітіре алатын түріміз болмады. Қарап отырғанша барып келейік деп сұрап қоймағансың, Қуаныш мұғалім де қарсы болмады. Міне, күткенімізге үш суткеден асты.

Жантас. Үш суткеден асты? Қуаныш мұғалім қайда?

Сапар. Мұғалім екінші отряд өзеннен өте алмай, бөгеліп қалған екен, көпір салып өткіземіз деп балаларды алып соған кетті.

Маруа. Ым. Айтып өдім-ау, кешігулері тегін емес (Сыртта өлендетіп пионерлер келе жатқаны естіледі, Қолдарында мектеп көрмесіне арнап алып қайтқан астықтың бірнеше түрлері, гүлді өсімдіктер шыныға салған жәндіктері бар Ғалым, Болат, Айдар, оларға көмекке барған Қуаныш мұғалім, пионерлер келеді. Бірқатары судан кешіп өткен).

Маруа. Амансыңдар ма?

Барлығы. Аманбыз, Маруа апа!

Жантас. Ау, Қуа-еке, бұлардың не? Бірінді бірін іздеп тұн сергелденіне түскендерін қалай?

Қуаныш. Өнер оңайлықпен табыла ма? Білмеген жердің ой-шұқыры көп демей ме? Ал, балалар отты дауылдатып жағып жіберіндер де жылынындар. (Балалар отты жаға бастайды) Оттан, судан қорықпайтың жас пионерлер емес пе! Бізді күтпестен жарды теуіп, тасты сабап жатқан өзеннен кешіп өтіпті.

Ғалым. Жантас аға, мынадай қызық болды.

Айдар. Оны мен де білем.

Ғалым. Ал енді бұл біреу сөйлесе-ақ болғаны, қосарлана түседі. Былай Жантас аға, «Қызыл жұлдыз», «Талап» колхоздарының қашан ұйымдасқанын, ұйымдасқанда қандай еді, қазірде қандай, мал басын, егіс көлемінің өскенімен танысып, егіс бригадесіне бардық. Комбайннан құйылатын астықты қырман басына тасуға көмек бердік. Бір мезгілде қарасам, біздің Болат жоқ, Баксам гүл теріп, көбелек қуып кетіпті. Қайда кеткені белгісіз, шөптің ішінен көрінбейді. Бригадирі арбаны бері тарт деп айқайлағанда, сасқанымнан жарты шақырым жерден жүгіріп кел, әйтеуір арбаны тартып үлгердім-ау-Солай ма. Айдар?

Айдар. Солай, бір өтірігі жоқ.

Ғалым. Жарайсың Болатым деп, бригадир алғысын айтып жатыр. Сүйтіп, өкпемді өшіріп жүтірген мен былай қап, алғысты бұл алды.

Болат. Ондай кемшілік сенде болмады ма? Маруа апа, радио приемникті түзе деп жіберсек, бұл бар ғой, бір кемпірдің айранын ішіпті де, маужырап ұйықтап қапты. Мен мұны бригадир іздегенсін, бір жарым шақырым жүтірдім.

Қуаныш. А, сен үшін бұл жарты шақырым, бұл үшін сен бір жарым шақырым жүтірсең онда Ғалым бір шақырым сенің мойнында екен.

Маруа. Гүл Болаттікі болды. А, мына бидай арпа, сулы, тарылар кімдікі?

Айдар. Бұлар колхоз егінінің барлық түрлерінен жыйнаған біздің екі отрядтікі.

Маруа. Қараңызшы, быыл егінің шығымы ғажап екен. Бір басында иеше дән бар, санадыңдар ма?

Болат. Мынадай біреуін санағанымызда сексеннен асты.

Жантас. Мына көлбақа мен жыланды жыйнаған қайсың?

Болат. Ол, мына шыбын-шіркей жәндіктермен шұғылданып жүрген Ғалымдікі.

Ғалым. Менікі мына жыланға ажал боп тиетін дәует пен шегірткелер, басқасы Айдардікі.

Жантас. Жыланға ажал боп тиетін?

Болат. Жыланның өзі қорқатын болғанын қарлығашша дәуітті қару ғып қолына ұстағандағысы ғой.

Ғалым. Жантас аға, мұғалім аға, мен мұны бұрын білмейтін ем, бір күні ұстап алып, біздей тұмсығын жұлып отырғанымда, «балам, бұған тиме!» деп колхоздың бір шалы қолымнан шап етіп ұстай алды. «Неге, ата?» дедім «Балам, мұның аты—дәует, қарлығаштың қамқоршы», — деді. «Е, аспанда ұшып жүрген қарлығашқа қайдан қамқоршы болады?» — деп сұрадым. Сонда шал тұрып: «Е, балам, әлі жассың, көргеніңнен көрмегенің көп, ұғып ал, ұмытпа, — деді. — Қарлығаш жұмыртқасынан балапанын шығарған кезде андып жүріп жылан шағуға барады. Қарлығаштың жыланға өзінің істер айраты жоқ. Сондықтан жылан сыяқты төнген жауына қорғануға дәуітті күн бұрын ұясының маңына әкеліп сақтайды. Жылан ысылдап ұядағы балапанын шағуға келе жатқанда, қарсы алдына дәуетті жұмсайды. Дәует ұзын өткір тұмсығымен жыланның көзін шұқып, құлатып жерге түсіреді. Міне, балам, қарлығаш ұясын сенің мектебіңе, менің үйіме салатын себебі содан. Сондықтан адам досы, қарлығаштың қаруына тиме, қарағым», — деді. Ойланышы, ғажап емес пе?

Маруа. Біз білмеген табиғаттың сыры қандай көп!

Жантас. Шыныда да ғажап. Шал өте жақсы айтқан. Оның сөзіне түсіндіңдер ме? Талдап жүректеріңе тоқысаңдар онда терең мағына жатыр.

Болат. Картоптың сабағына ламидордың өскенін көрдік. Оны да біз тұрған үйдің жаңағы шалы өсіріп отыр екен.

Айдар. (Сөзін бөліп). Маруа апа, Жантас аға, бұлардың сөзі бітпейді. Көрінген колхозшыдан жер тарихын, ел басынан өткен оқыйғаны сұрап маза бермейді. Біздің барған колхозымызда даңқты екі адам өтіпті.

Маруа. Олармен танысқан кімдер?

Айдар. Мен, Маруа апа. Бірі-ақ бандылармен соғыста қаза болған атақты партизан екен де, екіншісі—Нүркей деген ақын. Орақ ауыз, өткір тіл, алдына жан салмаған Айтуар ақынмен айтысын жазып алдым. Мінеки, Жантас аға.

Маруа. Не деп бастапты, айтып жіберші?

Айдар. Нүркей ақын бір үйге қонып жақанын етіп, әлейі айтысуға Айтуар ақын келеді. Аты-жөнін айтпай, келген бетте:

— Бір нәрсе қозғалады саны жоқ көп,
Ойлаймын қозғалса да жаны жоқ деп,
Жерден бір ақ құс ұшып көтерілсе,
Кетеді бірі қалмай сонда жоқ боп.

— деп жұмбақтап сұрау қойғанда, Нүркей басын жастықтап көтеріп ап:

— Қараңғы сансыз жұлдыз батқан түнің
Ол ақ құс жерден шыққан ұшқан күнің,
Тап атса, жұлдыз сенің қолыңда ма,
Бұл сөздің қайтара айт, болса мінің,

— деп Ай уарды жеңіп кетіпті.

Жантас. Жақсы, өздерің көп олжалы болып қайтыпсыңдар. Ал енді біздің әңгімемізді тыңдаңдар.



Барлығы. Айтыңыз. Жантас аға.

Жантас. Біз булар неге көшкіті, келетін мерзімнен өтіп кетті, жай емес шығар деп, сондарынан азық-түлік алып келіп ек. Сіздерді оп-оңай табамыз, мұндай халде кездестіреміз ғой деп ойлаған да жоқ едік. Мән-жайларына қандық. Жомарт бастаған отрядтан хабар жоқ. Ендігі қортындыңыз не, Қуаныш аға?

Қуаныш. Ойланып істелген-ақ жұмыс еді, ақыры қыйын боп тұр. Неге жоруды білмей тұрмын. Әлі де тоссақ ба дейміз.

Болат. Жоқ, Жантас аға тоспайық, іздеуге шығайық.

Жантас. Сіз қалай қарайсыз?

Маруа. Күн райын байқалық.

Жантас. (ойланып). Іздеуге деймісіз, оныңыз дұрыс. Бірақ та, мұнда бір жәрдай бар, манағы бір кезде тау іші алай-дүлей болды.

Ермек. Я, біз әлде не болды, деп қатты сескендік.

Жантас. Қуаныш аға, болжанызын, жер жағдайы сізге таныс қой. Жол тауып шығамыз ба?

Қуаныш. Нар тәуекел дедім ғой, бастап көрейің.

Барлығы. Бастаңыз, аға.

Жантас. Егерде бәріміз іздеуге шықсақ, олар біздің орнымызды сыйпап қалуы мүмкін. Сондықтан мынадай ұсыныс бар. Отряд үшке бөліссін. Мына Ермекпен бірге мрамр тасының бөлшегін алып қайтуға ыңғайлау үшін бірнешеуі осында қалсын.

Қуаныш. Дұрыс айтасын.

Жантас. Қалғандарымыз екіге бөлінеміз. Біреуін Болат, біреуін Ғалым басқарады (Сағатына қарап). Қазір сағат үш. Ертең сәске түсте, табайық, тапнайық осы жерде түйісеміз.

Қуаныш. Түнде болған өзгерістің қай манда болғанын кім біледі?

Сапар. Мен білемін, мұғалім.

Максұт. Мен де.

Қуаныш. Онда бірін мына Жантас ағана, бірін маған еріндер. Маруа, сіз қайда боласыз?

Маруа. Мен де барсам ба деймін.

Қуаныш. Жоқ, сіз қалыңыз. Балалардың жыйнаған нәрселерін реттеп, төртінке келтіріп, етектегі машинаға жеткізіңіз.

Жантас. Маған қай жөнлі сілтейсіз?

Қуаныш. Сендер мынау тау аңғарына түсіп, Қайрақтының қыясын бөктерлей отырып, таудың арғы ыйығына тік көтеріліңдер. Биіктен бізге белгі беріндер. Біз де белгі береміз. Ал, мұнда қалатындар да сөйтсін. Ертең сәске түсте қайтсе де оралайық.

Жантас. Аттандық, дабылшы қайда?

Айдар. Пионерлер жорыққа! (Дабыл қағады. Пионерлер салқа тұрады).

Сапар. Біз қайда боламыз?

Қуаныш. Сен Маруа апаның қасында бол! Соған көмектес. Бізге тамақ дайындан қой.

Маруа. Балалар, жол сапары қыйын. Асу бермес асқар қыя, ну орман биік шыңға аттанып бара жатырсындар. Қойны мұз, бауыры саз, алды өр, арты шұғыл құлама, көк сепірген ақтарыла ағып, екпінмен тасты бұзған өткел бермес өзенге аттанып бара жатырсындар. Қамықпаңдар, қажырлы, қайратты болыңдар. Ғылым адамға бақыт жолын сілтейді. Ғылым арқылы жаратылыстың алуан байлықтарымен танысасындар. Мына Ермектің тапқан мрамр тасындай әрқайсың үлкен олжа, зор жаналықпен қайтуларына тілектеспін. Қыйыншылықтан қорықпайтын, қыйыншылық атаулыны жеңіп шығатын сендерсіңдер. Жолдарың болсын! Амандықпен көрісейік!

Барлығы. Айтқаның келсін!

Қуаныш. «Шындаған-шыңға шығады», деген. Сендер де бізді берік сабыр шыдаммен күтіңдер.

Ермек. Маған не тапсырасыз, мұғалім аға?

Қуаныш. Қалқам, енді тездет. Осы үшін аялдап ек, осы үшін міне жорыққа тағы да аттандық.

Ермек. Хош болыңыз! Жолыңызды оңғарсын! Тездегемін.

Маруа. Жүріңдер, өзін шығарып салайын.

(Отряд кетеді. Ермек пен Сапар олардың сондарынан қарап тұрып қалады).

Сапар. Ермек, мен де барсам қайтеді?

Ермек. Мұғалім айтты, болды. Қаласын. Бері, қыйпақтамай, уста мына қашауды. Үлгіден аудармай қыйыншық!

(Екеуі тасты қашай бастайды. Алыста ән естіледі. Екеуі кетіп бара жатқандардың әндері деп түсініп қосылады).

Ән.

Біздің ән отап тапқан елдің әні,
Бақыттан самал соққан жердің әні,
Жауға оқ, түнді серпер адам досы,
Жау жүрек керемет күш ердің әні,
(Ән жақындай береді).

Сапар. Ермек, Ермек..

Ермек. Не көрдің, алаңдама, істе деймін.

Сапар. Байқаймысын, ән алыстамай жақындап келеді, 1-бала. (Тындай қап). Я, жақындап келеді.

Сапар. Бұ не тажап, әлде қайтып келе жатқан әлгілер ме?

Ермек. Жоқ, олар былай кетті. (Жүгіріп тасқа шығып қарайды). Маған долы өзеннің күркіреп аққанынан басқа еш нәрсе сезілмейді.

Сапар. Апыр-ау, анықтап тынданы.

Ермек. (Тындан). Бұ қалай? Жоғымыз табылғаны ма?

Сапар. Нені тындап тұрсың. Біреуі «Кестелі орамалды» айтып келеді. (Қуаныш әнге қосылады). Табылды, солар, солар.. Қап, мұғалім ағай ұзап кетті-ау, айғайла Ермек. Айғайлайық, Ермек.

Ермек. Не деп айғайлаймыз. Тоқта дейміз бе? Табылды дейміз бе?

Сапар. Қайтындар деп айғайлайық. (Маруа келеді).

Маруа. Бұл қандай қуаныш?

Ермек. Сіз де қуаныңыз, Маруа апа, жоғымыз мына жақтан келе жатыр.

Маруа. Қуатым-ай, рас па?

Ермек. Тындаңызшы. Маруа апа! Қыйын жолдың бөгетін әймен бұзып келеді.

Маруа. Рас солар екен.

Ермек. Хабар берейік те.

Маруа. Сондарынан жүгіргенмен жете алмаймыз. Хабарды өзің ойлап тапқан аспан әлемін сәнге орайтын жұлдыздан да жарық шыңқырау отымен береміз.
(Ән тоқталмай, жақындай түседі).

Дауыс. Мұғалім аға! Ермек! Біздер де жеттік.

Ермек. Жомарт, пионер достарым! Қош келіндер.

Маруа. Жоғымыз табылды. Пионер балаландарым үйіріне қосылды. Атамыз, ұстазымыз, данышпан көсем Сталиннің ұлы сымбатын мрамрдан жасаймын деген арманыңа Ермек сен де жететін болдың. Мрамрдан даналардың данасына ғана сымбат жасалады. Сенің өнерің бикытыңа жол ашқан Сталин атаңның жүрегіңдей нұрлы, сәулетті болсын. Қел, достарыңды шат көңілмен қарсы алайық!

Ермек.

Сапар. (Бойларын тік ұстап Маруа еріп келе жатқандарға қарсы жүреді. Шат көңілмен ән шырқайды).

Өсірген нұрлы ұяда отан анам,

Сүйікті ұлы Сталин асқан данам.

Бақыттың бақшасында жүзі жайнап,

Отаным деп ән шырқайды барлық балам.

(Шымғалдық).

Өздігінен жүретін КОМБАЙН



Ауыл шаруашылық машиналарының ішіндегі ең күрделісі—комбайн. Бұл машинамен егін жыйналады. Егінді әрі тез, әрі ысрапсыз жыйнап алуда комбайнға тең келер күш жоқ. Өйткені, комбайн егінді өзі орып, өзі бастырады; сабанды, тонанды бөлек айырып, ұшырылған таза дән береді. Комбайнның бункері әрбір 30—40 минут сайын дөңге толады. «Коммунар», СЗК комбайндарының бункеріне 15 центнер, «Сталинец» комбайнның бункеріне 19,5 центнер астық сыяды. Бункердегі осы таза дөңді автомашинға, жәшікті арбаға, қанқа қотаратын да комбайнның өз механизмі. Бір комбайн егін жыйнауда кем дегенде 50 адамның жұмысын атқарады. Сондықтан да бұл машинаны шаруалар «егін даласының алыбы», «дала көмесі» деп те атайды.

Комбайнды алғаш рет, 1836 жылы Америкада жасап шығарды. Бұл машинаны ойлап тапқан Американың Е. Бригге және Е. Г. Карпентер деген оқымыстылары. Патшалы Ресейде комбайн болған жоқ. Тек 1913 жылы Киев қаласында ұйымдастырылған ауыл шаруашылық көрмесіне Америкадан әкелінген бір ғана комбайн қойылды.

Партиямыз бен үкметіміз социалистік ауыл шаруашылығын өркендету ісіне ерекше көңіл аударып келеді. Ауыл шаруашылығы жыл сайын ең алдыңғы қатарлы техникамен қарулануда. Елімізде алғаш рет комбайн 1930 жылы жасалып шығарылды. Алғашқы комбайнды жасап шығарған Запорожьядағы «Коммунар» заводы. Сондықтан да қазіргі комбайндардың бір талайын «Коммунар комбайны» деп аталады. «Сталинец» комбайны алғаш рет 1931 жылы, Ростов қаласының Сталин атындағы «Ростсельмаш» заводында, СЗК комбайны 1932 жылы Саратов қаласындағы комбайн заводында жасалып шығарылды.

Комбайнды жасап шығарып, оны ауыл шаруашылығында пайдаланылуын толық меңгеру үшін капиталистік елдерге 100 жыл уақыт керек болған еді.

Ал біздің еліміз, Сталиндік бірінші бесжылдық нәтижесінде комбайн жасап шығару жөнінен Американы 4 жыл ішінде таза қуып жетіп, басып озды. Америка 20 жыл ішінде 70 мың комбайн жасап шығарса, бізде тек 1936 жылдың өзінде ғана 42,5 мың комбайн жасалынды. Сөйтіп, қазір колхоздар мен совхоздардың егіні негізінен комбайнмен жыйналады. Қазіргі «Сталинец», СЗК, «Коммунар» комбайндары тракторларға тіркеліп жүреді. Сондықтан да бұл комбайндада 4 кісі жұмыс істейді. Олар комбайншы, штурвалшы, тракторшы, тракторшының көмекшісі, оның үстіне бұл комбайндарға жанар, жанар майлар да көп кетеді.

Біздің елімізде ең алғаш рет өздігінен жүретін комбайн жасалынып шығарылды. 1946 жылы бұл комбайн-

ның жобасын жасаған Бүкіл одақтық ғылым-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, техникалық ғылымдардың докторы Михаил Андреевич Пустыгин және Иван Сергеевич Иванов жолдастар еді.

Бұл екі ғалым комбайнның қазіргіден жаңа түрін ойлап тапты. Жаңа комбайн тракторға тіркелмей, өздігінен жүретін болды. Сондықтан да бұл комбайнмен егін ору үшін 3—4 кісі емес, 1-ақ кісі керек. Әрі жанар, жанар майлары да көп үнемделеді.

Өздігінен жүретін комбайн Т әрпіне ұқсайды. Оның хедері — егін оратын аппараты қазіргі комбайндарда сияқты жанында емес, алдында. Мұның пайдасы бар. Қазіргі комбайндар бірден егінің шетіне түсіп ора бермейді. Ең алдымен шалғы не жай машиналармен егінің жиегін шауып, комбайнға жол салып беру керек. Содан кейін ғана ол егін оруға кіріседі. Өйтпегенде егінді таптап, көп астық ысрап болуы сөзсіз. Ал, жаңа комбайнның хедері алдында болғандықтан егінің жиегін шауып, жол салып беруді хажет стпейді.

Бұл комбайнды өздігінен жүргізетін де, ішкі механизмінің жұмыс істеуіне күш беретін де бір-ақ двигатель (қозғағыш).

Бұл — 53 аттық күші бар «ЗИС — 5» двигатели. Орылған егінің масағы хедердің екі шетінен ортасына жыйылады, содан кейін астық бастыратын аппаратына түседі. Мұның өзі масақтың шашылмауына жақсы. Әрі қалың қойған бірлі-жарым масақты қайта оралып шабуға да қолайлы.

Өздігінен жүретін комбайнның жүріс шапшаңдығы қазіргі комбайндардан артық. Қалың, бітік шыққан өсіресе дымқыл егінді оруға қолайлы. Астық бастыратын бөлімі де ерекше жақсы жасалған. Қандай жағдайда болса да, сабанға дән жібермей бастырады.

Өздігінен жүретін комбайнды «С—4.0» комбайны деп атайды. «С—4.0» комбайнның жұмыс өнімі бір сағатта 2 гектар егін жыйнауға болады. Сағатына 2 ден 8 километрге дейін жер жүре алады. Бұл жүріс шапшаңдығы. Комбайнның өз салмағы 3,5 тонна. Комбайнды басқарып жүргізетін бір-ақ адам.

Мұндай жаңа машина ойлап тапқан Пустыгин мен Иванов жолдастарға бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді.

Өздігінен жүретін комбайн — социалистік егін шаруашылығын өркендете беру үшін колхоздар мен совхоздарды қаруландыратын жаңа машиналардың бір түрі. Бұл ауыл шаруашылығын өркендете беру жолындағы партиямыз бен үкметіміздің үлкен қамқорлығының айқын дәлелі.

Қ. МЫҢЖАНОВ

Авторы кім?

Жаңғалақ Жаносовтың көркем әдебиет кітаптарын көп оқытын және оның оқыған кітаптарынан өзіне ұнаған сөйлемдерді, өлең жолдарын қойын дәптеріне көшіріп алатын әдеті болушы еді.

Бір күні Жаңғалақ қойын дәптерін ашып, жазып алған сөздерін оқыды. Бірақ, ол сөздердің авторлары кімдер екенін ол дәптеріне жазбаса керек. Жаңғалақ олай ойлайды, былай ойлайды, сөз иелерін есіне түсіре алмайды. Ақырында, ол қойын дәптеріне көшірулі сөздердің бір сыпрасын біздің журналдың редакциясына жазып жіберді. Ол бізге жазған хатында: «Осы жазылған әр сөйлемнің авторы кім және оның қай шығармасынан, қай өлеңінен алынған, соны біліп берулеріңізді өтініп сұраймын», — дейді.

Балалар, Жаңғалақ Жанысовқа көп болып, көмектесіп, бұл сөйлемдердің, өлең жолдарының авторлары кім екенін және оның қай шығармасынан алынғанын айтып берейік.

Жаңғалаққа деген жауаптарыңды редакцияға жіберіңдер, біз оның өзіне жолдаймыз.

Әкесінің баласы — адамның дұшпаны,
Адамның баласы — бауырың.

Өлсең, өл. Сен бірақ ерлердің
жырларында өлмессің. Жарыққа,
азттыққа жөн сілтейтін айбынды үлгі
боларсың.

Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз...

Қайтейін, елім, қыймаймын,
Қыя алмай жанды қыйнаймын...
Алты қырдан ассам да,
Сөздеріңді сыйлаймын...
Сіздерге әкеп шашуға
Ілім, білім жыйнаймын.

Жау түгіл, шыбын қонғанға
Қыяр ма Отан өңірін.

Отаным қандай кең байтақ,
Москвам неікен тамаша!

Ерлігің үстем болмаса,
Ер деп сені атар ма...

Ел өлмес, ел өлмесе, ер өлмейді.
Елінің жүрегінде қалад мәңгі.

Менің жаным отандық,
Отан! — деп өлем, өлсем де,
О, сүйікті Отаным,
Балам! — деп көм, көмсең де.

Сен хұрметте оны,
Ұғындың ба, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолында аяғың.

Оқындар,
Қызығыңдар,

мен —

Советтер Одағы
Азаматы.

Кең Отанды көрсін әлем,
Қудретті келбетінен:
Өреніңіз сенен өрген,
Анамыз — сен, ержеттірген.

Тасқындай өленді өрден құламалы,
Өрбітпей сезгіш жаным шыдамады.
Жеткізе Кремльге ән шырқайын,
Одақтың мен де ақыны праволы.

Сен, Отаным, еңбекте де,
Егесте де Ураным,
Қайда болсын, күндіз-түні
Сені көріп тұрамын.

М А З М У Н Ы

Ә. Сәрсембаев, Л. Хамиди — Туған ел (ән)	1 бет	Ұлы мерекеге тартуымыз	13
Отаным неікен тамаша.	5	С. Омаров — Өрт (әңгіме).	15
Ә. Сытдықов — Отанға сүйіспеншілік туралы	7	Отанымыздың жас патриоттары.	17
М. И. Калининнің жастарға кеңесі.	7	О. Малқаров — Кер құлын (өлең).	—
Ж. Молдағалиев — Мектеп жас жолдас (өлеңдер).	9	Ш. Хұсайнов, Қ. Бадыров Мрамр тас (пьеса)	—
В. Губарев — Түнгі қонақ (үзінді)	9	К. Мыңжанов — Өздігінен жүретін комбайн	23
Октябрь батыры.	10	Авторы кім?	24
М. Әбжанов — Бұдан 30 жыл бұрын.	11	Білгім келеді.	—

Мұхабабы 1—4 беттеріндегі суреттерді жасаған суретші Н. Лебедев пен Н. Бортников.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев,
Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский,
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73, Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 19-X? 1947 г.

УГ004573

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3. Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 899

462303



Оқушыларымыздың сұрақтарына жауап

РАДИО ҚАШАН ШЫҚТЫ ЖӘНЕ КІМ ОЙЛАП ШЫҒАРДЫ?

Ақмола қаласы 5-қызбалалар мектебінің оқушысы
Қафия Айнабекованың сұрауына жауап.

1895 жылдың 7 май күні — Радио- зінде радионы тұңғыш тапқан ел аның шыққан күні болып есептеледі. болды.

Өйткені, дәл сол күні орыс халқының ұлы оқымыстысы Александр Степанович Попов Петербург университетінің залында, орыс физика-химия қоғамының мәжлісінде, өзі ойлап тапқан радио аспабын жарыққа шығарды. Бұл дүние жүзінде тұңғыш шыққан радио аспабы еді. Бірақ, бұл әлі де болса, кемеліне келмеген болатын.

Арада жарты жыл өткенде А. С. Попов нағыз радио байланысын орнатты. Ол 200 метрлік жерден радио сигналмен «Генрих Герц» деген екі сөзді береді. Радио арқылы берілген бұл екі сөз 1888 жылы электромагнит толқынын ашқан оқымыстының аты мен фамилиясы еді.

Үш жылдан соң А. С. Попов 30 километрлік жерден радио арқылы сигнал берді. Сөйтіп, Ресей—дүние жү-

зылым мен техниканың бұл керемет табысына қызыққан шет елдіктер Поповқа аса көп ақша ұсынып, оны өз елдеріне қызметке шақырды. Бірақ отаншыл оқымысты Попов оларға:

— Жок, мен орыс адамымын, мен өзімнің барлық білімім мен еңбегімді және тапқан табысымды тек өз Отаныма арнауға тиіспін, — деді.

Радио қысқа мерзім ішінде ғылым мен техниканың барлық салаларында кең қолданыла бастады. Ол халық тұрмысында мықтап орын тепті.

Қазір Советтер Одағында күн сайын берілетін радио телеграмманың саны мен радио хабарын тарататын станцияларының қуаты жағынан дүние жүзінде бірінші орынға ие болып отыр. Күн сайын біздің радиостанцияларымыз арқылы СССР халықтарының 70 тілінде хабар таратылады.

ЭЛЕКТР ЖАРЫҒЫН КІМ, ҚАШАН ОЙЛАП ШЫҒАРДЫ?

Қорғалжын ауданы, қазақ орта мектебінің оқушысы
Ермек Жақановтың сұрауына жауап.

Шет елдіктер электр жарығын орыс күні деп атайды. Өйткені оны тұңғыш ойлап тапқан орыс оқымыстылары.

1802 жылы орыс оқымыстысы, академик В. В. Петров тұңғыш рет электр доғасын ашады. Оны қазір «вольттік доға» деп атайды. Петров өзінің ойлап тапқан доғасын тексеріп келіп, соның көмегімен «тынық күнді жарық қылуға болатынын» анықтайды.

Ал, 1875 жылы орыс халқының кемелгер оқымыстысы Павел Николаевич Яблочков әрі арзан, әрі жақсы жарық жасау мүмкіндігін ойлап тапты. Бірақ, өзінің бұл ойын іске асыруға қаражаты болмады. Патша үкіметі Яблочковтың жарығының пайдаға асуына сенбеді, оған жеңілдік жасамады. Сондықтан Яблочков шет елге кетіп, өзіне жәрдем іздеуге мәжбүр болды. Ақыры 1878 жылы 25 март күні П. Н. Яблочков тұңғыш электр жарығын жұртқа танытады. Сол жылы-ақ Париж қаласының көшелері мен алаңдарында, театр мен

киноларда мыңдаған электр шамы жағылды. Лондон, Гавр қалаларында да электр жарығы пайда бола бастайды. Яблочковтың бұл таңғажайып жарығы шет елдіктерді таң қалдырады. Сол замандағы Париж және Лондон газеттері: «Бізге жарық солтүстіктен, Ресейден келді» деп жазды.

Патриот оқымысты П. Н. Яблочков өзі ойлап тапқан электр жарығын өз елінің игілігіне жұмсамақ болады. Осы ниетпен ол Ресейге қайтып келеді.

1880 жылы Петербург қаласының көшелерінде де электр шамы жағылды.

Қазір біздің елімізде Сталиндік бесжылдықтар кезінде электрификация кең өріс алды, қуатты энергетикалық базалар жасалды.

Совет халқы орыс халқының ұлы оқымыстысы Павел Николаевич Яблочковтың еңбегін аса зор бағалайды, оның есімін өмір бойы ұмытпайды. Быйыл 26 сентябрь күні еліміз П. Н. Яблочковтың туғанына 100 жыл толғанын мерекеледі.

БІРІНШІ ТАНК ҚАШАН ЖАСАЛДЫ?

Нұра ауданы, Қызылтал ауыл советі, қазақ орта мектебінің оқушысы
Ләтипа Мусинаның сұрауына жауап


Танк бірінші жержүзілік соғыстың ұрыс майданында туды. 1916 жылдың 15 сентябрь күні ағылшындар немістерге қарсы шабуылға тұңғыш рет танктер шығарды. Танктер бірінші ұрысқа шығуында сәтсіздікке ұшырады. Қырық тоғыз танктің біреуі ғана сау қайтты. Алайда, 1917 жылы Қамбрэ жанындағы ұрыста ағылшындардың танкті дұрыс пайдалануынан оның артықшылығы байқалды.

Орыс инженері Лебедевко дейтін адам бірінші жержүзілік соғысқа дейін, 1914 жылы, жаңа дөңгелекті танктің конструкциясын жасаған болатын. 1916 жылы инженер Менделеев басқа бір танктің проектіні жасады. Ол танк жай жолмен де, темір жолмен де жүре алатын еді. Бірақта патша үкіметінің топастығынан бұл ұсыныстар іске аспады. Сондықтан орыс әскерлеріне бірінші жержүзілік соғыста танксіз соғысуға тура келді.

Азамат соғысы кезінде Қызыл Армия ақ гвардияшылардан тартып алған танктерді пайдаланды. 1920 жылдың декабрінде Отанымыздың өнеркәсібі танктер жасап шығаруға кірісті.

Совет елінің танк жасау өнеркәсібі Сталиндік бесжылдықтар кезінде шын кемеліне келіп дамыды. Сталин жолдас бұл замандағы соғыста танктің зор қызмет атқаратынын алдын ала болжап, совет танк техникасының тез шарықтап өсуін ұйымдастырды. Совет танкшілері Улы Отан соғысы жылдарында өздерін асқан атак-даңққа бөледі.

Совет танкшілері мен танк жасаушыларының үлкен еңбегін бағалап халқымыз жыл сайын сентябрь айында Танк күнін тойлайды.



Лебедевконың табысы

ҰЛЫ ТОЙҒА ТАРТУЫМЫЗ



— Апа, біз бүгін тағы да бестік баға алдық!